

**Тәркіленген, иесіз мүліктерді, мұрагерлік құқы бойынша мемлекетке өткен мүліктерді, қазыналарды, олжаларды, сондай-ақ бағалы металдар мен бағалы тастардан жасалған бұйымдарды есепке алу, бағалау және өткізу туралы НҰСҚАУ**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1994 жылғы 10 қазандағы N 250 "а" бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1995 жылғы 16 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 54. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2003 жылғы 19 қарашадағы N 408 бұйрығымен.

----- **Бұйрықтан үзінді** -----

"Тәркіленген, иесіз мүліктерді, мұрагерлік құқы бойынша мемлекетке өткен мүліктерді, қазыналарды, олжаларды, сондай-ақ бағалы металдар мен бағалы тастардан жасалған бұйымдарды есепке алу, бағалау және өткізу туралы" Нұсқаулықты бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1994 жылғы 10 қазандағы N 250А бұйрығының күші жойылды деп тану туралы

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексіне (Салық кодексі), "Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлікті есепке алудың, сақтаудың, бағалаудың және одан әрі пайдаланудың кейбір мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 шілдедегі N 833 және "Борышкерден алынған және банктер мен банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға сақтауға берілген бағалы қағаздарды, валюта құндылықтарын, бағалы металдардан, асыл тастар мен інжуден жасалған зергерлік және басқада бұйымдарды, сондай-ақ осындай бұйымдардың сынықтары мен антиквариатты сату ережесін бекіту туралы" 2003 жылғы 4 маусымдағы N 526 қаулыларына сәйкес Бұйырамын:

1. "Тәркіленген, иесіз мүліктерді, мұрагерлік құқы бойынша мемлекетке өткен мүліктерді, қазыналарды, олжаларды, сондай-ақ бағалы металдар мен бағалы тастардан жасалған бұйымдарды есепке алу, бағалау және өткізу туралы"

Нұсқаулықты бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1994 жылғы 10 қазандағы N 250А бұйрығының ( N 54-мен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1995 жылғы 16 ақпанда тіркелді)...

*М и н и с т р*

-----

Тәркіленген, иесіз мүліктерді, мұрагерлік құқы бойынша мемлекетке өткен мүліктерді, қазыналарды, олжаларды, сондай-ақ бағалы металдар мен бағалы тастардан жасалған бұйымдарды есепке алу, бағалау және өткізу туралы нұсқауды бекіту туралы.

1. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің тәркіленген мүліктерді, мұрагерлік құны бойынша мемлекетке өткен мүліктерді, қазыналарды, сондай-ақ ломбардтар қабылдаған және мерзімінде талап етілмеген қымбат металдар мен тастардан жасалатын бұйымдарды есепке алу, бағалау және өткізу тәртібі туралы 1992 жылдың 13 наурызында қабылданған N 236 қаулының V тарауының II тармақшасына сәйкес осы бұйрыққа қоса ұсынылып отырған "Тәркіленген, иесіз мүліктерді, мұрагерлік құқы бойынша мемлекетке өткен мүліктерді, қазыналарды, олжаларды, сондай-ақ бағалы металдар мен бағалы тастардан жасалған бұйымдарды есепке алу, бағалау және өткізу туралы нұсқау 1995 жылдың "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_ бастап күшіне енгізілсін.

2. 1994 жылдың "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_ бастап мына нормативтік актілердің күші жойылды деп есептелсін:

Қазақ ССР Қаржы министрлігінің "Иесіз мүліктерді анықтау және есепке алу туралы жазылған 1966 жылдың 26 мамырындағы N 2005 Нұсқауы;

Қазақ ССР Қаржы министрлігінің "Қаржы органдарының мемлекеттік мүліктік мүддесін қорғауына байланысты мәселелер бойынша" 1980 жылғы N 48 консультациялық хаты;

Қазақ ССР Қаржы министрлігінің "Қаржы органдарының бюджетке тәркіленген иесіз мүліктерді және мұрагерлік құқы бойынша мемлекетке өткен мүліктерді депозиттік сомаларды өткізуден бюджетке түсетін кірістерге бақылауы жөніндегі жекелеген мәселелер туралы 1984 жылғы 29 наурыздағы N 26-6-14 консультациялық хаты;

КСРО Сыртқы сауда министрлігі мен КСРО Қаржы министрлігінің "Кеден мекемелеріне түсетін мүліктерді есепке алу және өткізу тәртібі туралы" 1967 жылдың 26 қыркүйегіндегі N 1644 бірлескен хаты.

КСРО Қаржы министрлігінің "Тәркіленген иесіз және мұрагерлік құндылықтарды өткізу тәртібі туралы" 1979 жылдың 14 тамызындағы N 120 хаты

КСРО Қаржы министрлігінің "Қаржы органдарының бюджетке өзге де мемлекеттік кірістердің уақытылы түсуіне бақылауын күшейту туралы" 1980 жылғы 2 желтоқсандағы N 200 хатына әдістемелік құралдың бірінші тарауы.

КСРО Қаржы министрлігінің "Тәркіленген иесіз және мұрагерлік құқы бойынша мемлекетке өткен мүліктерді және қазыналарды есепке алу, бағалау және өткізу тәртібі туралы" 1984 жылғы 19 желтоқсандағы N 185 Нұсқауы;

КСРО Қаржы министрлігінің 1984 жылдың 19 желтоқсанындағы N 185;

13.05.85 ж. N 67; 26.09.67 ж. N 306; 22.08.86 ж. N 28-205; 9.08.90 ж. N 102; 31.05.91 ж. N 36 Нұсқауларына өзгертулер мен толықтырулар.

КСРО Қаржы министрлігінің "КСРО Қаржы министрлігінің Нұсқауларына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" 10.09.86 ж. N 156 хатының екінші бөлімінің екінші тармағы;

КСРО Қаржы министрлігінің "КСРО Қаржы министрлігінің құзырына енетін жекелеген мәселелерді шешуді қаржы органдарына беру туралы" 8.06.89 ж. N 76 хатының екінші тармағының екінші абзацы.

*Қазақстан Республикасының*

*Қаржы министрі*

**Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Тәркіленген,  
иесіз мүліктерді, мұрагерлік құқы бойынша мемлекетке өткен  
мүліктерді, қазыналарды, олжаларды, сондай-ақ бағалы  
металдардан және бағалы тастардан жасалған бұйымдарды  
есепке алу, бағалау және өткізу туралы  
Нұсқау I. Жалпы ережелер**

1. Бұл нұсқау Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 3 сәуірдегі N 2078 "Алтын қоры және алмас қоры туралы және 1993 жылғы 10 желтоқсандағы N 2578-ХІІ "Қазақстан Республикасының жергілікті өкілетті және атқарушы органдары туралы заңдарына, "Тәркіленген, иесіз мүліктерді, мұрагерлік құқы бойынша мемлекетке өткен мүліктерді, қазыналарды, олжаларды, сондай-ақ ломбардтарға қабылданған және мерзімінде кері талап етілмеген бағалы металдар мен бағалы тастардан жасалған бұйымдарды есепке алу, бағалау және өткізу туралы" Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті 1992 жылы 13 наурызда бекіткен N 236 ережесіне, "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу және олардың күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 4 сәуірдегі N 322 Қаулысына "Мемлекеттік ломбард туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 6 тамыздағы N 660 қаулысымен бекітілген ережеге және Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 3 желтоқсандағы N 1216 қаулысымен бекітілген сол ережеге енгізілген өзгерістерге, "Қазақстан Республикасы Президентінің "ұйымдасқан қылмыс түрлерімен және жемқорлықпен күресті күшейту шаралары туралы 1992 жылғы 17 наурыздағы N 684 Жарлығын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы N 597 қаулысына, "Заңдылық пен құқық тәртібін қамтамасыз ету жөніндегі қосымшалар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 9 маусымдағы N 1723 қаулысына, сондай-ақ

Қазақстан Республикасының басқа да заң актілеріне сәйкес шығарылып отыр.

Бұл нұсқау төмендегі мүліктерді есепке алу, бағалау және өткізу тәртібін белгілейді.

Соттардың үкімдері, анықтаулары мен қаулылары негізінде тәркіленіп, салық органдарына өткізуге берілген;

белгіленген тәртіпте иесіз деп танылған;

белгіленген тәртіпте мұрагерлік құқы бойынша мемлекетке<\*> өткен;

салық органдарына берілген қазыналар мен олжалар;

салық органдарына сот, құқық қорғау, тергеу, кеден және басқа органдар берген иесіз заттар құрамындағы, сондай-ақ ломбардтар қабылдаған және кейін иесі мерзімінде талап етпеген қымбат металдардан, қымбат тастардан жасалған бұйымдар.

<\*>Ескерту: Осы нұсқаудың бұдан былайғы тексінде мұрагерлік құқы бойынша мемлекетке өткен мүлік "мұралық мүлік" деп аталады.

2. Салық органдары тәркіленген, иесіз, мұралық мүліктерді және қазыналарды есепке алу, бағалау және өткізу жөніндегі қызметінде азаматтық, азаматтық-процессуалдық заңдары, әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңдарды, осы нұсқауды, мүліктерді тәркілеуге, оларды иесіз деп табуға, мұрагерлік құқы бойынша мемлекетке өтуіне, қазыналарды табуға, ломбардтардың мерзімінде талап етілмеген қымбат металдардан және қымбат тастардан жасалған бұйымдарды беруіне байланысты қатынастарды реттейтін өзге де нормативтік актілерді басшылыққа алады.

Соттардың шешімі бойынша алынған және тәркіленген автокөлікті, радиоэлектрондық құралдарды, аудио және бейнетехниканы беру, сондай-ақ мемлекетке қылмыстан келген шығынның орнын толтыру сомасынан 30 процентті аудару тәртібін Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 13 шілдедегі N 597 қаулысымен анықталады.

3. Қолданыстағы Заңға сәйкес тәркіленген мүлікке (оның ішінде құндылықтар мен ақша қаражаты) құқық бұзушылық үшін айып шара ретінде мемлекет тегін алған және мемлекет меншігіне толық немесе бір бөлігі ықтиярсыз алынуға тиісті мүліктер жатады.

Сот органдары тәркіленген мүліктерді есепке алу, бағалау және өткізу осы нұсқау белгілеген тәртіп бойынша жүргізіледі.

Егер Қазақстан Республикасының Заңдарында бұл мүліктерді есепке алудың, бағалау мен өткізудің арнаулы тәртібі (мыс. Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары тәркілеген аңшы мылтықтары, валюта құндылықтары) белгіленбесе өзге органдар (соттан басқа) тәркіленген мүліктерді есепке алу, бағалау және өткізу де осы ереже бойынша жүргізіледі.

Егер тәркіленген мүлік өзінің есебінен қанағаттандырылуы тиіс қарызды

өтеуге жұмсалса сот органдары бұл туралы салық органдарына хабарлайды.

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Атқарушылық әрекеттерді жасау тәртібі туралы" 1993 жылғы 12 қаңтардағы нұсқауы бойынша сот шешімдері бойынша тәркіленетін мүліктерді анықтау мен есепке алуды сот атқарушылары жүргізеді.

4. Иесіз мүлік ретінде иесі жоқ немесе иесі белгісіз мүлік танылады.

Иесіз мүлік салық органы берген өтініш бойынша сот шығарған шешім арқылы мемлекет меншігіне өтеді. Өтініш мүлік есепке алынғаннан кейін бір жыл өткенде беріледі.

Ұжымдар аумағындағы иесіз мүлік ұжымшар берген өтініш бойынша сот шығарған шешім арқылы ұжымшар өтеді. Өтініш мүлік жергілікті атқарушы орган есепке алынғаннан кейін бір жыл өткенде беріледі.

Ұжымшар ауласына қарайтын мүлікті салық органдары есепке алмайды. Ондай мүліктердің есебін осы нұсқауда салық органдары үшін белгіленген тәртіпте жергілікті әкімшілік жүргізеді.

Иесіз мүлікке сондай-ақ мыналар жатады:

а) әкімшілік, тергеу және сот органдарына заттық айғақ ретінде түскен мүліктер мынадай жағдайларда:

- егер тиісті органдардың заттық айғақты қайтару туралы шешімі немесе қаулысы бола тұрып, сол шешім немесе қаулы күшіне енген күннен кейін алты ай ішінде иесі оны алмаса;

- заттық айғақтың иесі белгісіз болса;

б) иесі табылмаған жағдайда қараусыз немесе қаңғып келген жұмыс малы немесе ірі қара (оның төлі) иесін іздеу негізінде ұжымшар немесе кеңшар ауласына берілген соң алты ай, ұсақ мал (оның төлі) екі ай өткеннен кейін;

Иесі белгісіз қауасыз немесе қаңғып келген малды ұстаған адам бұл жайлы үш күн ішінде ішкі істер органына немесе жергілікті атқару органының әкімшілігіне хабарлауға міндетті.

Ішкі істер органы немесе жергілікті атқару органының әкімшілігі мал иесін іздестіруге шаралар қабылдайды және іздестіру кезінде малдәрігерлік ережелері сақтай отырып малды жақын жердегі ұжымшарға немесе кеңшарға күтімге және пайдалануға береді. Олардың басшыларының бұдан бас тартуға құқы жоқ.

Егер ұжымшарға немесе кеңшарға бергеннен кейін жұмыс малының немесе ірі қараның (оның төлінің) иесі алты ай ішінде, ал ұсақ мал (оның тегін) иесі екі ай ішінде табылса олар иесіне қайтарылып, мал иесі ұжымшарға немесе кеңшарға әлгі малды пайдаланудан алған пайдасын шығарып тастағандағы күтімге шығарған шығының орнын толтырады.

Егер көрсетілген уақытта мал иесі табылмаса ол өзінің меншік құқын жоғалтады. Мұндай жағдайда ұжымшарда күтілген мал сол ұжымшар меншігіне,

ал кеңшардағы мал мемлекет меншігіне біржола тегін түсіп, солардың мүлік қ ұ р а м ы н а е н е д і .

Осы тармақшада көрсетілген малды салық органдары есепке алмайды.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік банкінің мемлекеттік сақтау қорына міндетті түрде, біржола берілуге жататын кез-келген түрдегі және жағдайдағы қымбат металдар мен қымбат тастарды олардан жасалған бұйымдарды қоспағанда, "а", "б" литерлерінде көрсетілген мүліктер белгіленген сақтау мерзімі өткен соң мемлекет меншігіне көшеді және өткізу үшін салық органдарына беріледі. Бұл мүліктерді иесіз деп тану үшін сот органдарының ш е ш і м д е р і қ а ж е т е м е с .

Атаулы жинақ және салым кітапшалары, банктерге сақтауға тапсырылған бағалы қағаздардың сақтау куәліктері иесіз мүлік болып танылуы мүмкін емес.

5. Қазына - бұл иесі белгісіз немесе заң бойынша оған құқын жоғалтқан жерге көмілген немесе басқадай әдіспен жасырылған құндылықтар (қымбат тастар, інжу, алтын және күміс теңгелер, құйма, бұйым және сынық күйдегі қымбат металдар, ақша, шетел валютасы т.б.). Табылған қазына мемлекет меншігіне болып табылады, сондықтан жергілікті салық немесе ішкі істер органдарына кешіктірілмей тапсырылуы тиіс.

6. Олжаға тапқан адам немесе ұйымның әкімшілігі тиісті орынға тапсырғаннан кейін алты ай бойы талап етілмеген сақтау камераларында, мейманханаларда, көшелерде, алаңдарда, мекемелерде, кәсіпорындарда, қалалық көлікте және басқа қоғамдық орындарда жоғалған немесе ұмытылған заттар, құндылықтар мен ақша қаражаттары жатады.

Табылған зат берілген кәсіпорынның, мекеменің немесе ұйымның әкімшілігі екі апта мерзім ішінде зат иесін таппаса оны ішкі істер органдарына немесе жергілікті атқарушы органның әкімшілігіне тапсырады.

Ішкі істер органы немесе жергілікті атқарушы органның әкімшілігі өздеріне тапсырылған табылған затты алты ай бойы сақтауға міндетті.

Көрсетілген мерзімде затты жоғалтқан адам табылса ол иесіне қайтарылады. Егер көрсетілген мерзімде затты жоғалтқан адам табылмаса ол мемлекет меншігіне біржола көшіп, өткізу үшін салық органдарына берілуі тиіс.

Затты тапқан және оны жоғалтқан адамға қайтарған, немесе оны тиісті тәртіп бойынша тапсырған адам заттың иесінен, ал зат мемлекет меншігіне біржолата көшіп, өткізу үшін салық органдарына берілген жағдайда тиісті салық органынан затты сақтау мен тапсыруға байланысты шығындарын өндіріп алуға құқылы.

Мұндай жағдайда қаржы органы табылған затты өткізуден түскен қаржы есебінен оны тапсырған адамның талап етудің жалпы мерзімі шегінде берілген өтініші бойынша шығындарды өтейді.

Сыйақыны тапсырылған құндылықтың ақшасы аударылған қаржы органы

төлейді. Тапсырылған құндылықты есепке алған салық инспекциясы қаржы органына төленуге тиіс сыйақының сомасы туралы хабарлайды. Егер қазынаның құрамында белгілеген тәртіпте тегін берілетін бағалы заттар болса олар үшін сыйақы республикалық бюджет қаржысы есебінен төленеді.

7. Қазақ ССР-інің Азаматтық кодексіне сәйкес егер өлген адамның заң бойынша да, аманат бойынша да мұрагерлері болмаса, немесе мұрагерлердің бірі мұраны қабылдамаса, немесе барлық мұрагерлер аманат иесінің шешімімен мұрадан айырылса мүлік мұрагерлік құқы бойынша мемлекет меншігіне көшеді.

Мемлекеттің мұраға құқын растайтын құжат-мұра ашылғаннан кейін 6 айдан соң нотариалдық орган тиісті салық органына беретін мемлекеттің мұраға құқы туралы куәлік болып табылады. Мұрагерлік құқы бойынша мүліктің мемлекет меншігіне көшуіне прокурордың немесе салық органының талабы бойынша шығарылған тиісті сот шешімі де негіз бола алады.

Егер мұрагерлік мүлік оны мұраға алуға құқы жоқ адамға беріліп, ол мүліктің мұрагері болмаса, немесе олар мұраны қабылдамаса салық органы көрсетілген мүлікті мұрагерлік құқы бойынша мемлекетке беру туралы сот органына талап қ о ю ғ а м і н д е т т і .

8. Қазақ КСР-нің "Мемлекеттік нотариат туралы" заңына сәйкес салық органдарына бергенше мұрагерлік мүлікті қорғауды нотариалдық органдар жүзеге асырады. Мемлекеттік нотариалдық кеңселер жоқ елді мекендерде мұрагерлік мүліктерді қорғау шараларын қалалық, аудандық жергілікті атқарушы органдар қабылдайды.

Мемлекеттік ломбард туралы ережеге сәйкес белгіленген мерзімде қарыз қайтарылмаса сақтауға немесе кепілдікке тапсырылған мүлік өткізу үшін ломбардтық магазиніне немесе сауда ұйымдарына нарықтағы сұранымға сәйкес, бірақ белгіленген бағадан төмен емес мөлшерде сатуға беріледі. Мерзімінде кері талап өтілмеген өнеркәсіп тауарларын сатудан түскен сомандан сақтау төлемінің, берілген соманың, қарыз процентінің және мүлікті сату жөніндегі шығынның о р н ы т о л т ы р ы л а д ы .

Түскен соманың қалдығы бола қалса оны ломбард кепілдік билеттің иесіне немесе сақтау квитанциясын көрсету түрінде қайтарылады. Сатылғаннан кейін 3 жыл бойы талап етілмеген осындай соманың қалдығы республиканың бюджет ж а р н а с ы н а ж а т а д ы .

9. Осы Нұсқауда белгіленген мүліктерді есепке алу, бағалау және өткізу тәртібі мыналарға т а р а м а й д ы :

а) акт бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мемлекеттік сақтау қорына тапсырылуға тиіс қымбат металдарды, қымбат тастарды және олардан жасалған бұйымдарды қоспағанда байланыс органдарынан талап етілмеген посылкалармен, бандерольдармен, хаттармен, ақша аударымдарымен жіберілген

м ү л і к т е р ;

б) құжаттарсыз, талап етілмеген жүктер және темір жол, авиация су және автомобиль көлігіндегі талап етілмеген багаж;

в) басқа да мемлекет меншігіне түскен, Қазақстан Республикасының Заңымен өздеріне қатысты есепке алудың, бағалаудың және өткізудің арнайы тәртібі белгіленген мүліктер.

## **II. Мүліктерді салық органдарына беру және оны бағалау тәртібі**

10. Тәркіленген және мұрагерлік мүліктерді, қазыналарды, сондай-ақ иесіз деп танылған мүліктерді есепке алу мен бағалау салық органдарына жүктеледі.

Салық органдары осы нұсқаудың I тармақшасында көрсетілген мүліктердің толық және дер кезінде берілуіне бақылау жасайды.

Осы мақсатқа олар жылына кемінде бір рет сот және кеден органдарында мемлекеттік, жекеменшік нотариалдық кеңселерде, сондай-ақ ауруханаларда, қарттар үйлерінде, мейманханаларда, жатақханаларда, автотұрақтарда, басқа да осындай ұйымдарда, олардың қарамағындағы қоймалар мен сақтау орындарында Қазақстан Республикасының ішкі істер, Қазақстан Республикасының Прокуратура органдарында (тек қана иесіз мүліктерді олжалар мен валюта құндылықтарын, заттай айғақтарды берудің толықтығы мен уақтылығын, ақша және материалдық есептілікті тексереді. Салық органдары мұндай тексерулерді тексерілетін ұйымдар өкілінің қатысуымен жүргізуі қажет.

11. Соттың үкімімен немесе шешімімен мүлік толық көлемде немесе оның бөлігі күйінде ұйымдасқан қылмыспен, жемқорлықпен және контрабандамен күреске жәрдемдесу жөніндегі арнаулы бюджеттен тыс қорға берілетін жағдайды қоспағанда сот органдары тәркілеген мүлікті сот орындаушысы зат күйінде тиісті салық органына (оның ішінде қымбат металдар мен қымбат тастар, олардан жасалған бұйымдар ұлттық Банктің Сақтау қорына біржола беріледі) береді. Сот орындаушы беруді орындау парақшасын алғаннан кейін жиырма күн ішінде ж ү з е г е а с ы р а д ы .

Мүлікті салық органының өкіліне кезінде алдын ала тергеу процесінде жасалған тізім көшірмесі, немесе сот орындаушысы жасап, халық соты бекіткен мүліктерді тізімдеу (тұту) актінің екінші данасы қоса тапсырылады.

Мүліктер тізімінде орындаушы соттың мүлікті немесе оның бір бөлігін ұйымдасқан қылмыспен, жемқорлықпен және контрабандамен күреске жәрдемдесу жөніндегі арнаулы бюджеттен тыс қорға беру туралы шешімі негізінде мүліктердің бір бөлігін тұтудан босату (мүліктерді тізімнен шығару), егер ондай өткізу борышкерге қойылған талаптарды қанағаттандыру үшін қажет



болса мүліктердің бір бөлігін өткізу туралы белгілер, сондай-ақ тәркілеуге жататын мүліктердің салық органы өкілдеріне беру сәтінде жоғалуы немесе бүлінуі туралы белгілер жасалуы тиіс. Сот орындаушысы сондай-ақ өткізілген тез бұзылатын өнімдер туралы мәліметтерді хабарлайды.

Зат күйіндегі мүліктерді беру және қабылдау сот орындаушысының немесе ұйымдасқан қылмыспен, жемқорлықпен және контрабандамен күреске жәрдемдесу жөніндегі арнаулы бюджеттен тыс қор өкілінің және салық органы өкілінің тізім актісі (мүліктерді тұтыну) даналарындағы қолдарымен расталады.

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тәркіленген мүліктерді өткізуді салық органдары жүзеге асырған жағдайда өзге де өкілетті органдардың шешімдері бойынша тәркіленген мүліктер салық органдарына осындай тәртіппен беріледі.

12. Иесі жоқ, немесе иесі белгісіз мүліктердің бар екені белгілі болған мекемелер, ұйымдар, кәсіпорындар мен адамдар сол мүлікті анықтағаннан кейін бес күн ішінде бұл жайлы тиісті салық органына хабарлауға міндетті.

Осы нұсқаудың 4 пунктінде аталған мүліктердің бар екені туралы хабар алғаннан кейін салық органы келесі күннен қалдырмай сол мүлікті анықтау үшін қажетті тексеру жүргізеді. Мұндай мүліктерді тапқан жағдайда салық органы иесіз мүліктер туралы хабарлаған ұйымдардың немесе адамдардың, ішкі істер органдарының, ал ауылдық жерлерде жергілікті атқарушы органдардың өкілдерінің қатысуымен алдын ала бағалай отырып мүліктердің тізім актіні жасайды.

Анықталған мүлікті тізім актісі негізінде салық органы сол күні есепке алады және оны иесіз деп тану жөнінде сот шешімі шыққанша есеп осы нұсқаудың N 2 қосымшасына сәйкес нормадағы есеп кітабында жүргізіледі.

13. Мұрагерлік құқы бойынша мүлік мемлекетке өткенде нотариалдық орган мемлекеттің мұраға құқы туралы куәлікті алған тиісті салық органына мемлекеттік нотариус, куәлар мен ынтал жақтар (егер олар тізімдеуге қатысса) қол қойған сол мүліктің тізімін қоса жібереді.

Егер тізімде көрсетілген мүліктер есебінен мемлекеттік нотариалдық органдар тиісті шығындар немесе төлемдер жасаса (мұрагер ауырған кезде оған күтім жасау, сондай-ақ жерлеу, мұраны қалдырушының асырауындағы азаматтарды күту үшін, мұрагерді шақыру туралы хабарды жариялау үшін) тізімде көрсетілген мақсатқа қандай соманың жұмсалған және жасалған шығындарды жабу үшін қандай заттардың өткізілгені көрсетілуі тиіс.

Мемлекеттің мұрагерлікке құқы туралы куәлігін және тиісті тізімді алғаннан кейін салық органының қызметкері жауапты сақтаушының және тұрғын үй пайдалану кеңесінің, үй басқармасының немесе көше комитеті өкілінің, ал ауылдық жерлерде жергілікті атқарушы орган төрағасының қатысуымен

мұрагерлік мүліктерді олар тұрған үйлерде тексеріп, оларды жауапты сақтаушыдан есепке қабылдайды және нотариалдық органнан алынған сол мүліктің тізіміне тиісті белгі жасайды.

14. Қазынаны тапқан адам оны табу жағдайын көрсеткен мәлімдемесімен бірге салық органына немесе ішкі істер бөліміне тапсыруға міндетті. Қазынаны салық органына тапсыру кезінде салық органы хаттама жасап қазынаны сақтауға алу үшін ішкі істер бөлімінің қызметтерін шақырады. Хаттамада мыналар көрсетіледі:

қазынаны тапқан адамның қазынаны тапқан жері мен жағдайы туралы түсініктемесі мен көрген адамдардың (егер ондайлар болса) айғағы;

тапсырылған заттардың егжей-тегжейлі сипаттамасы (олардың сыртқы түрі, көлемі, салмақ көрсеткіші, т.б.);

қазынаны өз еркімен тапсырғаны жөніндегі растау құжаты.

Хаттама төрт дана етіп жасалып, оған салық органының және ішкі істер бөлімінің, қазынаны тапсырған адамның, куәлардың (егер ондайлар болса) қолы қойылады. Хаттаманың бір данасы қазынаны тапсырған адамға беріледі, бірі салық органында қалады, бірі ішкі істер бөлімінің өкіліне беріледі, енді бірі қазына кейіннен мемлекеттік сақтау қорына (немесе музейге, не діни бірлестікке) жөнелтілгенде ілеспе хатқа тіркеледі.

Егер қазынаны тапқан адам оны ішкі істер бөліміне тапсырса да хаттама осы тәртіппен жасалады.

Қазынаны өткізгенге дейін салық органы ішкі істер бөлімімен бірге жергілікті мәдениет және сауда органдарының маман-сарапшыларының қатысуымен қазына заттарын алдын-ала бағалап, оларды көркем, тарихи немесе басқадай мәдени құндылықтарға жатқызу, немесе діни мұрағат заттарына жатқызу үшін сараптап өткізеді. Сараптау және заттарды бағалау қорытындылары актпен ресімделіп, оған бағалауға және сараптауға қатысқандар қол қояды.

Акт үш дана етіп жасалып, оның бірі салық органына берілсе, бірі Мемлекеттік сақтау қорына (музейге немесе діни бірлестікке) жіберілетін хаттамаға тіркеледі, бірі ішкі істер бөліміне жіберіледі.

Музейге берілуге жататын қазына заттары осы нұсқаудың 19 тармағының "и" тармақшасына сәйкес музей өкіліне, ал діни бірлестік орталығына берілуге тиістісі "ж" тармақшасына сәйкес сол бірлестік өкіліне беріледі.

Қазына құрамындағы қымбат металдарды, қымбат тастарды және олардан жасалған бұйымдарды салық органдары немесе ішкі істер органдары осы нұсқаудың 19 тармағының "к" тармақшасында көрсетілген тәртіпке сәйкес мемлекеттік сақтау қорына жібереді.

Егер құндылықтарды қазу немесе іздеу әлгі адамдардың қызметтік міндеттеріне жатпайтын болса қазынаны тауып, оны салық органына өткізген

адам оның құнының 25 проценті мөлшерінде сыйлық алуға құқылы.

Сыйлықты төлеуді қаржы органдары республикалық бюджет есебінен жүзеге асырады. Тапсырылған құндылықтарды есепке алған салық инспекциясы төленуге тиіс сыйлық сомасын қаржы органына хабарлайды.

15. Егер салық органына тәркіленген мүлікті беру, немесе мұралық мүлікті қабылдау, сондай-ақ иесіз мүліктерді, олжаларды анықтау кезінде сол мүліктердің жоғалғаны, кемдігі немесе бүлінгені белгілі болса салық органы оларды сақтауға қабылдаған жаққа он күн ішінде кем немесе бүлінген мүліктің сомасын бюджетке қайтару жөнінде талап қояды. Егер аталған мүліктер үшін бюджетке тиісті сома он күн ішінде бюджетке қайтарылмаса салық органы аталған мерзім өткен соң салық органы мүлікті сақтауға қабылдаған жақтан кем шыққан немесе бүлінген заттың құнын өндіріп алу жөнінде халық сотына талап қояды. Жауапты сақтаудағы заттарды ұрлау жағдайы (оның ішінде иемдену немесе шығындау жолымен) немесе қасақана жою, бүлдіру жағдайы анықталса салық органы кінәлілерді қылмыстық жауапқа тарту мәселесін шешу үшін тиісті материалдарды тергеу органдарына жібереді және сонымен бір уақытта кінәлілерден көрсетілген заттардың құнын өндіріп алу туралы талап қояды.

16. Мұрагерлік құқы бойынша мемлекетке өткен тәркіленген мүліктерді, сондай-ақ олжаларды бағалауды салық органының және сол мүлік өткізуге немесе пайдалануға берілген ұйымның өкілдері қатысқан комиссия мүлікті салық органы есепке алғаннан кейін бес күн ішінде жүзеге асырады.

Құйма, түйіршіктелген, табиғи, үгінді және басқа түрдегі қымбат металдар, өңделген және өңделмеген (табиғи інжуді қоса есептегенде) түрдегі қымбат тастар, сондай-ақ қымбат металдар мен тастардан жасалған (немесе құрамында сондайлар бар) бұйымдар бағалаудың алдында Қазақстан Республикасының Ұлттық банкіндегі сынақ бақылауы жөніндегі инспекцияда сапалық сипаттамалары бойынша сынақтап және тексеруден өтуі тиіс. Сынақ бақылауы жөніндегі мемлекеттік инспекцияның қорытындысы түпкілікті болып табылады.

Жекелеген заттарды (қымбат металдар мен тастардан, олардан жасалған бұйымдардан басқа) бағалауда салық инспекциясы мен мүлік берілген ұйымдардың немесе кәсіпорынның өкілдері арасында келіспеушілік болған жағдайда ол заттарды бағалауға маман-сарапшылар шақырылады. Сарап келіспеушілік туғызған алғашқы бағалаудан кейінгі он күн ішінде жасалуы қажет . Сарап жөніндегі жұмыстарға оны нұсқаудың 38 тармағында қарастырылған тәртіп бойынша ақы төленеді.

Мүлікті бағалау оны өткізуге немесе пайдалануға (қабылдайтын) жақтың алуымен сол мүліктің табылған жерінде, немесе мүлікті алған сауда ұйымының, не кәсіпорынның базасына жеткізілген соң жүргізілуі мүмкін.

17. Салық органдары есепке алған мүлік былайша бағаланады:

а) пайдалануда болмаған отандық және импорттық тауар-материалдық құндылықтар заттың сапасын, оның моральдық тозуын, пішіндік, үлгілік ескіруін және тұтынушылар сұранысын ескере отырып еркін баға бойынша бағаланады. Бұл құндылықтар аукциондарда сатуға да берілуі мүмкін;

б) пайдалануда болған тауар-материалдық құндылықтар да сапасы және сыртқы безендірілуі ескеріле отырып, тұтынушылар сұранысына қарай бағаланады ;

в) тозуы 50 проценттен артық тауар-материалдық құндылықтар өтуі мүмкін баға бойынша бағаланады ;

г) мал және жылқы (оның ішінде асыл тұқымды), құс, қоян, ара омартасы, сондай-ақ тері және елтірі-мех шикізаты, жуылмаған жүн, астық, жем, картоп, көкөніс және басқа ауылшаруашылық өнімдері еркін сатып алу бағасымен бағаланады. Асыл тұқымды жылқылар, сондай-ақ тұқымы жақсы ірі қара аукциондарда сатуға берілуі де мүмкін;

д) тұрғын үйлер және олардың аулалық құрылыстары еркін нарықтық бағамен бағаланады. Үйлердің сату бағасын белгілеу үшін комиссиялар әрбір сатылатын үйдің, аула құрылыстарының және учаскені көркейтудің (тас төсеу, құдықтар, қоршау, т.б. барлық түрлерінің құрылымдық элементтерін табиғи қалыпта өлшеп, сонымен қатар тозу дәрежесін процентпен анықтайды.

Аула құрылыстары мен құрылғылары бар сатылатын үйлердің көлемін, сондай-ақ құрылыстардың тозу процентін анықтағанда техникалық түгендеу бюросының мәліметтері пайдаланылады. Тұрғын үйлер мен аула құрылыстары аукциондарда сатуға берілуі мүмкін;

е) мемлекеттік стандарт талабына жауап беретін құйма, түйіршік, прокат қымбат металдар (алтын, күміс, платина, және платина тобының металдары) бағалы металдар нарқының Лондон нарқы бойынша есептелген дәрежеде және алдын-ала сарап актісі жасалған күнгі теңгенің АҚШ долларына қатысты бағамы бойынша бағаланады. Зергерлік бұйымдардағы қымбат металдар - сауда прейскурантты бағасы бойынша, ал қымбат металдар сынығы - Қазақстан Республикасы баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі Мемлекеттік Комитет бекіткен прейскурант бағасы бойынша белгіленеді;

ж) мемлекеттік стандарт талаптарына жауап бере алмайтын құйма, ұнтақ, т.б. қымбат металдар және қымбат металл сынықтары Қазақстан Республикасының баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі Мемлекеттік Комитет бекітетін прейскурант бағасы бойынша, ал пайдалануға болған тіс протезін, алмалы-салмалы протез элементтерін және табиғи техникалық алмасын қоса есептегенде жартылай фабрикат қымбат металдар немесе өндірістік және лабораториялық мақсаттағы бұйым металдары - өндіріске арналған босату бағасы бойынша бағаланады .

Валюталық құндылыққа жататын қымбат металдар, қымбат тастар (табиғи інжуді қосқанда) - революцияға дейін шығарылған жетондар мен медальдар, революцияға дейінгі және Кеңес тұсындағы теңгелер қымбат металдардан жасалған мерекелік және ескерткіш теңгелер, шетел мемлекеттерінің теңгерлері - Қазақстан Республикасының өнеркәсіп және сауда министрлігінің пункттері мен Ұлттық банк мекемелері халықтан сатып алатын бағалар бойынша бағаланады.

Көркемдігі жоғары зергерлік бұйымдар, немесе тарихи, музейлік, не нумизматикалық құндылықтар түріндегі қымбат металдар - мәдениет, білім бөлімдерінің немесе қалалық мұражайдың өкілдері қатысқан сарап комиссиясының қорытындысы бойынша бағаланады.

Табиғи кесек қымбат металдар - Ұлттық банк пен Қазақстан Республикасы геология және жер қойнауын қорғау министрлігінің 1993 жылғы 22 қаңтардағы N 32004/34 нұсқауына сәйкес бағаланады.

Өңделген жартылай қымбат, синтетикалық және жасанды тастар қолданыстағы сатып алу прейскуранты, өңделмеген күйде - өндіруші кәсіпорын бағасы бойынша бағаланады;

"е" және "ж" тармақшасында көрсетілген құндылықтарды бағалау салық органы шақырған маман-бағалаушының қатысуымен жүргізіледі және ол алдын-ала бағалау болып табылады. Құндылықты түпкілікті бағалау қажет болған жағдайда сынақ бақылауы инспекциясы мамандарының қатысуымен Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сақтау қорында жүргізіледі.

Ломбардтар қабылдап, кепілдікке берушілер уақтылы талап етпеген қымбат металдар мен қымбат тастардан жасалған бұйымдар Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің сақтау қорына беріледі. Сақтау қорына берілген қымбат металдар мен тастардан бұйымдардың құны олар тапсырылғаннан кейін он күн ішінде ломбардтарға 10 % мөлшерінде қайтарылады;

з) қалған валюталық және басқа құндылықтар төмендегідей тәртіпте бағаланады:

- шетел валютасы (банкноттар, қазынашылық билеттер, теңгелер), төлем құжаттары (чектер, вексельдер, аккредитивтер т.б.) және қор құндылықтары (акциялар, облигациялар т.б.) шетел валютасында алдын ала олардың валютадағы өзі құны бойынша;

- шетел валютасына алынған теңгедегі банкінің төлем құжаттары алдын-ала көрсетілген құны бойынша бағаланады. Көрсетілген құндылықтарды түпкілікті бағалауды Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі жүзеге асырады;

- сатып алу және төлеу мерзімі өтпеген мемлекеттік заемдардың облигациялары - олардың көрсетілген құны бойынша немесе олардың ұтысына шыққан сомада. Сатып алу және төлеу мерзімі өтіп кеткен мемлекеттік заем облигациялары белгіленген тәртіппен жойылады;

- жинақ және салым кітапшалары, аккредитивтер мен халықты банктің есеп айырысу чектері мен чек кітапшалары - сол құжаттарда көрсетілген сомалардың қалдықтары бойынша ;

- ақшалай-заттай және басқа лотереялардың билеттерін салық органдары ұтыс кестесі бойынша тексереді. Егер ұтыстарды алудың билетте көрсетілген мерзімі өтпесе ұтыс шыққан билеттер ауыстыру бағамын ескере отырып, оларға түскен ұтыстардың құны мөлшерінде бағаланады.

Ұтыс шықпаған билеттер және ұтыс шыққан бірақ ұтыстарды алу мерзімі өтіп кеткен билеттерді салық органдары жояды.

Салық органына берілген күнге дейін ұтыс тиражы өткізілмеген билеттер салық органында қатаң есептегі бланкалармен бірдей сақталады. Тираж өткізілген соң билеттер тексеріліп, бағаланады немесе белгіленген тәртіппен жойылады ;

и) Қазақстан Республикасының таңбаланған маркалары, сондай-ақ почта айналымындағы бұрынғы Кеңес маркалары - олардың көрсетілген құны бойынша ;

өткізуге жарамды барлық басқа маркалар (шетелдік маркаларды қосқанда) преysкуранттарға және "Қазбайланысмарка" баспа-сауда орталығының каталогтарына сәйкес бағамен. Аздаған филателистік ақауы бар маркалар олардың құнының 50 проценті мөлшерінде бағалануы мүмкін.

18. Жүргізілген мүлікті бағалау туралы қажетті мөлшерде тізімдеу және бағалау акті (N 1 қосымша) жасалады. Актке комиссия мүшелері, сондай-ақ егер мүлікті бағалауға шақырылған болса бағалаушы-маман (сарапшы) қол қояды. Актінің соңында оның қанша дана жасалғаны көрсетіледі.

Мүлікті тізімдеу және бағалау актісінде мыналар көрсетіледі: әрбір заттың, немесе бір текті бағалары теңдес заттардың толық және дәл атауы, әрбір заттың ерекше белгілерінің егжей-тегжейлі сипаттамасы (әрбір заттың даярланған материалының аты, саны, салмағы, ұзындығы, сапасы, заттың моральдық және табиғи тозуының проценті т.б.) сондай-ақ тозуы ескеріле отырып, қолданыстағы преysкурант бойынша бағасы.

Тәркіленген, мұрагерлік, иесіз мүліктер мен олжалардың құрамындағы төмендегі аталған құндылықтарға N 1 қосымшаға сәйкес формада және тізімдеу және бағалау актісі жасалады.

Бұл тізімдеу және бағалау актісінде мыналар көрсетіледі:

а) ұлттық валютада - жалпы сома; шетел валютасында - сол валютаны шығарған мемлекеттің аты, ақша билеттері мен теңгелердің құны, шығарылған жылы, валютаның көрсетілген құны бойынша сомасы;

- шетел валютасындағы төлем құжаттары және қор құндылықтары бойынша, шетел валютасына алынатын теңгедегі банкілік төлем құжаттары бойынша -

құжаттардың (құндылықтардың), сондай-ақ осы құжаттарды берген (шығарған) мемлекеттің және банктің аты, әрбір құжатты жеке алғандағы көрсетілген құны б о й ы н ш а с о м а с ы ;

б) мемлекеттік заемда облигациялары бойынша - заемның аты, көрсетілген құны, облигация нөмірі, әрбір облигацияның серия және разряд нөмірі, еркін айналымдағы облигациялар бойынша сондай-ақ ұтыс мөлшері көрсетіледі;

в) жинақ және салым кітапшалары, халықтық банктің чектері, аккредитивтер мен сақтау куәліктері бойынша - иесінің аты-жөні, құжаттың берілген уақыты мен нөмірі, құжатты берген халықтық банктің нөмірі мен мекен-жайы, және о н д а ғ ы а қ ш а н ы ң с о м а с ы ;

г) ақшалай-заттай және басқа лотерея билеттері бойынша-лотереяны өткізетін заңды тұлғаның аты оның шығарылу нөмірі мен жылы әр билеттің билет, серия және разряд нөмірі, ұтысты алудың шекті мерзімі;

Ұтыс шықпаған билеттің тұсына тізімдеу және бағалау актінің тұсына " ұтпады" деген белгі соғылады. Ұтыс шыққан, бірақ билеттерді салық органына берген күнге дейін ұтысты алу мерзімі өтіп кеткен билеттердің тізімдеу және бағалау актісінде олардың тұсына "ұтыстарды талап ету мерзімі өтіп кетті" деген б е л г і с о ғ ы л а д ы .

д) қымбат және жартылай тастар, табиғи інжу, қымбат металл мен олардан жасалған бұйымдар бойынша - әр заттың егжей-тегжейлі атауы, бұйым жасалған металдың және ондағы тастардың атауы, құрамы грамдық салмағы және жекеленген ерекше белгілері мен сапасы.

Мүліктерді тізімдеу және бағалау актісін тиісті салық органының басшылығы олар жасалғаннан кейін үш күннен кешіктірмей қарайды.

Сирек жағдайларда ғана, мүлікті салық органы тікелей қабылдап алғаннан кейін оны өткізуге, қайта өңдеуге немесе пайдалануға беру мүмкін болмаса ол мүлікті салық органы өзі табылған ұйымға немесе адамға, не оның туысына, болмаса басқа адамға жауапты сақтауға беріп олардан мүліктің тізімдемесі б о й ы н ш а қ о л х а т а л а д ы .

Мұндай жағдайда тізімдеменің соңында мүлікті жауапты сақтауға алған адамның толық аты-жөні, ол жұмыс істейтін ұйымның аты, атқаратын қызметі, мекен-жайы, паспортының нөмірі мен берілген уақыты, кім бергені, сақтауға адамның мүліктің кем шыққан немесе бүлінгені үшін жауапкершілігі е с к е р т і л г е н і к ө р с е т і л е д і .

Мүлікті сақтағаны үшін шығындардың орны осы нұсқаудың 38 тармағында қарастырылған тәртіп бойынша толтырылады.

Салық инспекциясы мүліктерді тікелей қабылдап алған жағдайдардан басқа кездерде оны саты, қайта өңдеу немесе басқа мақсаттар үшін сауда яки басқа ұйымдарға беруге болмайды, бұл мүліктерді салық органдары өздері анықтаған

ұйымдарға немесе жеке адамға, немесе туған туысқандарына, болмаса қолхат арқылы мүліктерді тіркеп басқа адамға жауапкершілікпен сақтауға береді.

Тіркеу қағазында мүліктерді жауапкершілік сақтауға алған адамның фамилиясы, аты-жөні, өзі жұмыс істейтін ұйымның аты, паспортының берілген жері, уақыты нөмірі және оны сақтауға алған адамның бүлінген болмаса жетпеген жағдайда жауапкершілікті мойнына алатындығы туралы қолхаты жөнінде ескертілгені болуы керек.

Мүліктерді сақтау жөніндегі шығындардың орны осы нұсқаудың 38 тармағында көзделген тәртіппен толтырылады.

### **III. Мүліктерді өткізу және есеп айырысу тәртібі**

19. Осы нұсқаудың I тармағында көрсетілген мүліктерді өткізуді салық органдары төмендегі тәртіпті сақтай отырып жүзеге асырады:

а) қалалар мен поселкелердегі, сондай-ақ ауылдық жерлердегі құрылыстар (оның ішінде тұрғын үйлер, олардың бөліктері, аула құрылыстары) мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеттер өткізетін аукциондарда өткізіледі, немесе ынталы заңды тұлғалар мен азаматтарға ақысына беріледі;

б) ауылшаруашылық машиналары, құрал-сайман, өнімдік және жұмыс малы, ара омарталары және астық сатып алу бағасы бойынша кеңшарларға және басқа ауылшаруашылығы кәсіпорындарына беріледі;

в) былғары және тері-мех шикізаттары, жүн, ет малы, құс, қоян, астық, кендір талшығы және басқа ауылшаруашылық өнімдері сатып алу бағасы бойынша мемлекеттік немесе кооперативтік дайындау ұйымдарына беріледі.

г) көпжылдық жеміс-жидек ағаштары мен өскіндері кеңшар, ұжымшарларға және басқа мемлекеттік ауылшаруашылық кәсіпорындарына немесе аудандық және қалалық жергілікті атқарушы органдардың коммуналдық шаруашылық бөлімдеріне (басқармаларына) ақысына беріледі;

д) осы тармақтың "и" тармақшасында көрсетілгеннен басқа кітаптар Қазақстан Республикасының баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігі мен Қазтұтынуодағының кітап саудасы ұйымдарына ақысына беріледі. Балалар мен жастарға арналған баспалардың кітаптары, кітапхана штамптары бар кітаптар, тауар түрін жойған, бірақ пайдалануға жарамды кітаптар, сондай-ақ балалар тақырыбындағы ашық хаттар балалар мекемелеріне тегін беріледі. Кітап дүкендері сатуға қабылдамаған шетел тіліндегі кітаптар оқу орындары мен мектептердің кітапханаларына беріледі.

Егер кітаптар өзінің жағдайы бойынша көрсетілген тәртіпте өткізуге жарамаса олар белгіленген тәртіпте қайталама шикізат ұйымдарына қағаз



қалдығы ретінде тапсырылады;

е) Альбомдар мен клессерлерге (марка салатын арнаулы ұялары бар альбомдар) салынған Қазақстан Республикасының, бұрынғы кеңес өндірісінің почта маркалары, шетелдік почта маркалары Қазақстан Республикасы көлік және коммуникациялар министрлігінің "Қазбайланысмарка" баспа-сауда орталығына мына мекен-жай бойынша жіберіледі: 480013 Алматы, Сәтбаев к-сі, 18 а.

Жіберілетін почта маркаларына қосымшаға сәйкес формада төрт дана тізімдеме жасалады.

"Қазбайланысмарка" баспа-сауда орталығына ("Қазбайланысмарка" БСО) почта маркалары бағалы бандерольдермен немесе посылкалармен жіберіліп, оған тізімдеменің бірінші данасы қоса салынады. Сонымен қатар "Қазбайланысмарка" БСО жөнелтушілер тарапынан маркалардың жіберілгені жөнінде жеке хатпен хабарлап, оған тізімдеменің екінші данасын қоса салады. Тізімдеменің үшінші данасы бақылау үшін тиісті хатпен Алматы қаласының Калинин ауданы бойынша салық инспекциясына мына мекен-жай бойынша жіберіледі: 480057. Алматы, Айманов к-сі, 191.

"Қазбайланысмарка" БСО-да бандерольдер мен посылкаларды ашуда, маркаларды өңдеу және бағалауды маман-филателистер мен Алматы қаласының Калинин ауданы салық инспекциясының өкілі қатысқан комиссия жүзеге асырады. Комиссиялар өткізуге жарамды маркалардың саны мен олардың құны, сондай-ақ өткізуге жарамсыз маркалардың саны көрсетілген акт жасалады. Жарамсыз маркалар өртеу арқылы жойылып, ол жайлы актіде тиісті белгі қойылады;

ж) діни наным заттары (осы тармақтың "и" және "к" тармақшаларында көрсетілгендерден басқасы) діни бірлестіктер орталықтарына акт бойынша тегін беріледі. Актіде діни бірлестіктер орталықтары қабылдаған заттар міндетті түрде діни мүліктердің түгендеу тізімдемесіне енгізілуі қажеттігі көрсетіледі;

з) өзінің күйі бойынша тікелей мақсатына пайдаланыла алмайтын қара және түсті металдардан жасалған заттар, сондай осы металдардың сынықтары мен қалдықтары сол металдардың сынықтары мен қалдықтарын даярлаумен айналысатын мемлекеттік мамандандырылған ұйымдарға ақысына, металдың аты, тобы, сорты, саны (салмағы) және бағалау құны көрсетілген акт бойынша беріледі.

Бұйымдар мен металл сынықтарының мөлшері аз болса оны металл сынықтарын жинаумен айналысатын тұтыну кооперациясы ұйымдарына беруге рұқсат етіледі.

и) тарихи, ғылыми, көркемдік немесе басқадай мәдени құндылығы болуы мүмкін заттар сол заттарды есепке алған салық органының, жергілікті атқарушы органның мәдениет басқармасы немесе бөлімінің, жергілікті архив органының

немесе жергілікті музейдің, сондай-ақ тиісті ғылым мекемелердің өкілдерінен тұратын арнаулы комиссияның сарабынан өткізіледі. Тарихи, ғылыми, көркемдік немесе басқадай мәдени құндылығы бар заттардың сараптар өткізілгендігі жөнінде комиссия қажетті данада акт жасап, онда көрсетілген заттар жан-жақты сипатталады және сол заттарды қандай ұйымдарға беру қажеттігі айтылады.

Егер жоғарыда көрсетілген тәртіп бойынша жүргізілген сарап қандай да бір себептермен есепке алынған заттардың тарихи, ғылыми, көркемдік немесе басқадай мәдени құндылығы бар екенін анықтай алмаса салық органы алғашқы сарап актісінің 4 данасын (қажет болса ілеспе хатта қосымша мәліметтер мен түсініктемелер беріледі) бастапқы сараптың актісінде көрсетілген заттардың тарихи, ғылыми, көркемдік немесе мәдени құндылығы бар-жоқтығын, және оларды қандай ұйымдарға беру қажеттігін түпкілікті шешу үшін республиканың мәдениет министрлігіне жібереді.

Комиссиялар немесе тиісті ұйымдар тарихи, ғылыми, көркемдік немесе басқадай мәдени құндылығы бар деп таныған және құрамында қымбат металдар мен тастар жоқ заттар музейлер, кітапханалар, мемлекеттік архивтер, діни бірлестіктер, ғылыми және басқа мекемелер қарамағына тегін беріледі.

Сонымен қатар көрнекті оқымыстылардың құжаттық материалдары Қазақстан Республикасы Академиясының архивіне мына мекен-жай бойынша жіберіледі: 480021, Алматы, Шевченко к-сі, 28.

Құрамында қымбат металдар, қымбат тастар бар заттар Ұлттық Банктің сақтау қорына міндетті түрде тапсыруға жатады. Ұлттық Банктің сақтау қорында қажетті сараптан өткеннен кейін діни табыну заттары тиісті діни бірлестіктерге, ал тарихи мәдени құндылығы бар заттар - Мемлекеттік алтын музейіне міндетті түрде акт жасалып, тегін беріледі.

к) кез-келген түрдегі және жағдайдағы қымбат металдар алтын күміс, платина және платина тобының металдары (палладий, придий, родий, рутениі және осьмий) және шикі және өңделген түрдегі табиғи асыл тастар (алмаз, бриллиант, рубин, маржан, сапфир, сондай-ақ табиғи інжу), сондай-ақ құрамында қымбат металдар мен тастар және табиғи інжу бар заттар Мемлекеттік сақтау қорына мына мекен-жайға жөнелтіледі: 483170 Алматы облысы, Жамбыл ауданы ҚТП  
Ұ з ы н а ғ а ш .

Егер жоғарыдағыдай тәркіленген құндылықтар немесе олжа тергеу орындарында сақтауда болса оларды Мемлекеттік сақтау орнына сол органдар жібереді және ол туралы тиісті салық органына хабарлайды.

Құндылықтар сақтау қорына Қазақстан Республикасы көлік және коммуникация министрлігінің арнаулы байланысының жергілікті бөлімдері арқылы посылкалармен жіберіледі. Олар ағаш жәшіктерге немесе картон қораптарға (құндылықтардың сипатына байланысты) салынып, матамен

қапталады және сүргіш мөрмен бекітіледі. Қымбат металдардан құйылған теңгелер біріне бірі қапталға қапшыққа салынып, аузы тігіледі және мөрмен бекітіледі. Посылкаларда (немесе қапшықтың жапсырма қағазында) оның құны, алушы мен жөнелтушінің мекен-жайлары көрсетіледі.

Құндылықтарды сақтау қорына почтамен және қағазға орап жіберуге рұқсат е т і л м е й д і .

Мемлекеттік сақтау қорына құндылықтарды тізімдеу және бағалау актісі негізінде жібергенде (осы нұсқаудың 18 тармағы) әрбір жеке зат жан-жақты сипатталып, тізімдемеде қымбат металдың немесе тастың салмағы, сынамасы, аты және әр заттың ерекше белгілері көрсетіледі.

Тізімдеме үш дана етіп жасалып, оның бір данасы салық органында қалады, біреуі құндылықпен бірге посылкаға салынады және біреуі посылкамен бірге жіберілетін ілеспе хатқа тіркеледі. Ілеспе хатта құндылықтың мүліктің қай түріне (тәркіленген, иесіз немесе олжа) жататыны, олардың кімдікі (егер белгілі болса) к ө р с е т і л е д і .

Құндылықтарды алғанын растау үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Мемлекеттік сақтау қоры құндылықтарды жөнелтуге қабылдау актінің бір данасын жібереді.

Құндылықтарды жіберуге байланысты жөнелтушілердің шығындарын төленген шотын берген жағдайда салық органдары өтейді;

л) Қазақстан Республикасының валютасындағы ақша сомалары республика бюджеттің кірісіне есептеу үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне немесе ауданның бюджеттен тыс қорына (салық органының нұсқауы бойынша) тапсырылады;

м) ТМД елдерінің валютасын қоса есептегенде шетел валютасы, шетел валютасындағы төлем құжаттары мен қор құндылықтары, шетел валютасына алынған теңгелерді банктің төлем құжаттары кейіннен Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің валюталық шотына аудару үшін тізімдеме бойынша Ұлттық банктің мекемелеріне тапсырылады.

Аталған құндылықтар мен олардың тізімдемелері Ұлттық банкке құндылықтардың аты және алдын-ала өз құны бойынша бағасы көрсетілген ілеспе хатпен бірге тапсырылады. Хатқа сол құндылықтарды тәркілеу туралы үкімнің (қаулының) расталған көшірмесі, немесе оларды иесіз деп тану жөніндегі шешімнің көшірмесі, немесе оларды мұраға алуға мемлекеттің құқы жөніндегі куәліктің көшірмесі тіркеледі.

Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі құндылықтарды түпкілікті бағалап, 5 күн мерзім ішінде шетел валютасының сомасын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің валюталық шотына аударды. Шетел валютасында төлем құжаттары мен қор құндылықтарының, сондай-ақ шетел валютасына алынған

банктің теңгедегі төлем құжаттарының құнын Ұлттық Банк оларды өткізгеннен кейін 5 күн мерзім ішінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аталған шотына аударды.

Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі осы тармақшаның I абзацында көрсетілген құндылықты бюджетке есептеуге жіберген органға құндылықтар құнының бюджеттің немесе бюджеттен тыс қордың қашан, қандай сомада және қай шотқа (тарау, параграф) аударылғаны жайлы хабарлайды.

Құндылығы жоқ және өткізу мүмкін емес төлем құжаттарын алған жағдайда ұлттық банк бұл туралы сол құжатты жіберген орынға хабарлайды. Мұндай құжаттар Ұлттық Банкте үш жыл сақталып содан кейін белгіленген тәртіп бойынша жоюлады;

н) тәркіленген салымдардың, есеп айырысу чектерінің, чек кітапшаларының сомалары, облигациялардың, қазынашылық бондардың, акциялардың, вексельдердің, оның ішінде Қазақстан Республикасы Банктерінде сақталуда жатқандары да бар, (ұтыс облигациялары мен қазынашылық бондары бойынша - оларға шыққан ұтыстың сомасы) құны соттың тәркілеу жөніндегі үкімі заңды күшіне енгеннен кейін бюджет кірісіне аударылады.

Сот немесе тергеу органдарынан алынған жинақ, салым және чек кітапшалары, есеп айырысу чектері, вексельдер, акциялар, облигациялар, қазынашылық бондары, бағалы қағаздардың сақтау куәліктері сот үкімінің расталған көшірмесімен бірге төмендегі мекемелерге беріледі:

- Қазақстан Республикасы банктері мекемелерінің жинақ, салым және чек кітапшалары, Қазақстан Республикасы банктерінің бір қаладағы мекемелері берген сақтау куәліктері - республика банктерінің сол мекемелеріне тікелей, Қазақстан Республикасының өзге қалалары мен аудандарында берілген жинақ, салым және чек кітапшалары, есеп айырысу кітапшалары мен сақтау кітапшалары осы құжаттарды берген Қазақстан Республикасының халықтық банкінің немесе өзге банктердің бөлімшелері орналасқан жердегі тиісті салық органдарына жіберіледі, ол бұрынғы Одақтың өзге қалаларында берілген жинақ, салым және чек кітапшалары, есеп айырысу чектер мен сақтау куәліктері, акциялар, облигациялар, вексельдер және басқа бағалы қағаздар - аумағында салымдар мен бағалы қағаздарды сақтау бойынша есеп ашылған мемлекет пен Қазақстан Республикасы арасындағы екі жақты келісімдерге сәйкес;

- Қазақстан Республикасының аумағында айналымға шығарылған облигациялар, қазынашылық бондар, акциялар мен вексельдер;

- олардың алынған жеріне қарамастан эмитент-банк мекемелеріне.

Беру тізімдеме бойынша жүргізіліп, онда құжатты берген Қазақстан Республикасы (ТМД елдері) банк мекемесінің аты, мекен-жайы мен нөмірі, құжаттың аты, берілген уақыты шот нөмірі, оның иесінің толық аты-жөні және

құжатта берілген сома көрсетіледі.

Аталған құжаттармен бірге банк мекемелеріне сот немесе тергеу органдарынан алынған мүліктің тәркіленгенін айғақтайтын үкімнің расталған көшірмесі немесе үкімнің үзіндісі жіберіледі.

о) Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің мекемелерінде облигацияларды алған сот немесе тергеу органдарының депозитінде сақталып жатқан бұрынғы КСРО мемлекеттік заемдарын сот немесе тергеу органдары олардың тәркіленгені жөніндегі үкімнің көшірмесімен (үзіндісімен) бірге Қазақстан Республикасы халықтық банкінің бөлімін тізімдеме бойынша өткізеді. Тізімдемеде заемның аты, облигация нөмірі, серия нөмірі, разряд нөмірі және әр облигацияның нақты құны, сондай-ақ облигация иесінің толық аты-жөні көрсетіледі. Осы тізімдеменің көшірмесі облигация тапсырылған Халықтық банк орналасқан жердегі салық о р г а н ы н а жіберіледі.

Қазақстан Республикасының облигациялары мен қазынашылық бондары бойынша ұтыстар сомасын банк мекемелері республикалық бюджет кірісіне а у д а р а д ы .

п) белгіленген тәртіпте мұрагерлік немесе иесіз мүлік деп табылған салымдар, аккредитивтер немесе қазынашылық бондарының сомалары осы тармақтың "о" және "п" тармақшаларында қарастырылған тәртіп бойынша бюджет кірісіне а у д а р ы л а д ы .

р) тәркіленген мұрагерлік немесе иесіз мүліктер құрамында салық органдарына беріліп, ұтыс шыққан ақшалай-заттай немесе басқадай лотереялар (халықтық банк мекемесі мен тиражды өткізуші орган арасында ұтысты төлеу міндеті жөнінде келісім болған жағдайда) ақшалай ұтыстың сомасын және заттай ұтыстың құнын бюджет кірісіне аудару үшін Халықтық банк мекемелеріне өткізіледі. Бұлай болмаған жағдайда егер төлеу мерзімі өтіп кетпесе тиражды өткізген орган жоғарыда аталған соманы бюджетке аударады.

Бұл тізімдеме арқылы жүзеге асырылып, онда лотереяның аты, қай жылғы, қандай шығарылым екендігі, тиражды өткізген орган, билет және серия нөмірі, әр билеттің разряд нөмірі, сондай-ақ ұтыс сомасы көрсетіледі.

Аудандар, қалалар және қалалардағы аудандар бойынша салық органдары Республиканың Халықтық банк мекемелерінің салымдар, аккредитивтер, Халықтық банк чектері сомаларын, лотерея ұтыстарының немесе сақтауда жатқан мемлекеттік заемдардың құнын (ұтыс шығатын облигациялар бойынша - сол облигацияларға түскен ұтыс сомалары) бюджет кірісіне аудару жөніндегі талаптардың дұрыс және уақтылы орын алуына бақылауды жүзеге асырады;

с) құрамында 10 процент және одан көп мөлшерде алтын немесе 30 процент және одан көп күміс бар заттарды, сондай-ақ құрамында қымбат металдары және тастары бар парша және парша материалдарын осы нұсқаудың 19 тармағындағы

"к" тармақшасында көрсетілген тәртіп бойынша салық органы Мемлекеттік сақтау қорына тапсырады.

Діни мұрағатқа немесе тарихи және нумизматикалық құндылыққа жатпайтын, құрамында 10 проценттен кем алтын және 30 проценттен кем күмісі бар заттарын, құрамында қымбат металдар бар, қымбат металдармен безендірілмеген парша және парша бұйымдарын салық органдары сол заттардан қымбат металдарды алу үшін қымбат металдардың сынығы мен қалдығын өңдеп, оларды кейіннен Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің сақтау қорына тапсыру құқына лицензиясы бар жақын жердегі өңдеу кәсіпорнына жібереді.

Өңдеуші кәсіпорындар жөнелтушілермен олар тапсырған заттар мен бұйымдардағы қымбат металдар үшін қымбат металдардың сынығы мен қалдығына төленетін преysкуранттық баға бойынша есеп айырысады.

Парша және парша материалдарын салық органдары егер олар діни мұрағатқа жатпайтын болса және құрамында қымбат металдар болмаса, сондай-ақ қымбат тастармен безендірілмесе өткізу немесе қайта өңдеу үшін мемлекеттік кәсіпорындарға береді.

Осы тармақшада аталған бұйымдар мен заттардың құрамындағы қымбат металдар мен тастардың мөлшерін Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің мемлекеттік сынамалық бақылау инспекциясы анықтайды.

Тарихи құндылыққа немесе діни мұрағатқа жатпайтын жартылай құнды, синтетикалық және жасанды өңделген не өңделмеген түрдегі, бағалы емес металдардағы тастарды салық және ішкі істер органдары зергерлік заводтарға немесе өткізу үшін сауда жүйесіне жібереді.

т) азық-түлік тауарларды, оның ішінде арақ-шарап және темекі өнімдерін оларды өткізуге санитарлық-эпидемиологиялық сараптың қорытындысы болған жағдайда тергеу немесе кеден органдары беру актісімен және сарап қорытындысымен бірге салық инспекциясына жібереді.

Санитарлық-эпидемиологиялық сарап пайдалануға жарамсыз деп тапқан азық-түлік тауарларын тергеу және кеден органдары тиісті акт жасай отырып жоюды.

Тергеу және кеден органдарында азық-түлік тауарлары аз мөлшерде болып, олардың пайдалануға жарамдылығын анықтау үшін санитарлық-эпидемиологиялық сарапты шақыру тиімсіз болған жағдайда аталған тауарлар сауда жүйесі арқылы өткізіледі немесе жою актісін жасай отырып тергеу немесе кеден органының және салық инспекциясының өкілдері қатысқан комиссияның шешімімен жойылады. Жою актісі комиссияға қатысқан тиісті мекемелердің басшылары тарапынан бекітілуі тиіс.

20. Осы нұсқаудың 19 тармағының "а-т" тармақшаларында аталмаған барлық мүліктерді (ауылдық жерлердегі мүліктерді қосқанда) салық органдары осы

мақсат үшін арнайы анықталған жергілікті органдардың шешімімен тек қана сауда комиссиялық дүкендер арқылы өткізіледі. Сұраныс жоғары заттар салық органдарының ұйғарымы бойынша аукциондар арқылы сатылады.

21. Сол ауданда өткізу мүмкін болмаған мүліктер өзге ауданда өткізіледі.

22. Алдын-ала өңдеусіз сауда жүйесі арқылы өткізу мүмкін-болмаған заттар тиісті мемлекеттік немесе өзге ұйымдарға өңдеу үшін сатылады.

23. Жөндеуді қажет ететін тұрмыстық электр приборлары (тоңазытқыштар, кір жуатын машиналар, т.б.) сауда мекемелерінде жөнделуі тиіс. Егер оларды жөндеу мүмкіндігі болмаса қосалқы бөлшектер ретінде өткізіледі немесе белгіленген тәртіп бойынша жойылады.

Тозуына байланысты өз мақсатында пайдалануға немесе қайта өңдеуге жарамсыз басқа заттар тиісті ұйымдарға жекелеген бөлшектерін пайдалану үшін с а т ы л а д ы .

24. Осы нұсқаудың 20-23 тармақтарында көрсетілген тәртіпте өткізу немесе пайдалану мүмкін емес заттар, сондай-ақ қағаз қалдықтары қайталама шикізат жинаумен айналысатын тиісті мемлекеттік немесе өзге ұйымдарға сатылады.

25. Өзінің жағдайы бойынша қалдық ретінде пайдаланылуы мүмкін емес заттар жойылып, бұл туралы мүлікті тізімдеу және бағалау актісінде көрсетіледі, ал ағаш бөлшектері (егер мөлшері жеткілікті болса) отын ретінде сатылады.

26. Салық органдары сауда ұйымдарымен ұсынылып отырған форма (N 5 қосымша) бойынша шарт жасасып, онда салық органдарының мүліктерді өткізуге тапсыру шарттары, қабылдау және өткізу шарттары және сол мүлік үшін бюджетпен есептесу тәртібі айтылады.

27. Мүліктерді өткізуге немесе өңдеуге қабылдауды сауда және өзге ұйымдар мен кәсіпорындар олардың тұрған жерінде әр зат бойынша жекелей жүзеге а с ы р а д ы .

28. Сауда ұйымдарына өткізуге берілетін барлық заттар салық органы мен сауда ұйымының тауар жапсырмаларымен жабдықталып, онда тізімдеу және бағалау актісінің рет нөмірі көрсетілуі тиіс.

29. Салық органдарынан қабылданған заттарды тазалау, үтіктеу және ұсақ жөндеу соларды қабылдаған ұйымдар есебінен жүргізіледі.

30. Егер сауда ұйымы қабылдаған мүлік 20 күн ішінде өтпесе сауда ұйымының талабы бойынша салық органы өкілінің қатысуымен мүлік қайта б а ғ а л а н а д ы .

Сонымен бірге мүлікті өткізгені үшін тиісті сыйақының сомасы да қайта есептеледі. Мүліктің қайта бағаланғаны туралы ұсынылып отырған формада (N 2 қосымша) акт жасалып, оның бір данасы салық органына жіберіледі.

Мүліктің құнын жоғарылатуға бағытталған қайта бағалау салық органының немесе сауда ұйымының талабы бойынша сол сәтінде жүргізіледі.

31. Осы нұсқаудың 40 тармағында көрсетілген жағдайларда салық органына сауда ұйымдарына өткізуге берілген мүліктің жекеленген заттарын кері алып, иелеріне қайтаруға рұқсат етіледі.

Мүлікті өткізу, оны тоқтату және кері қайтару туралы талапқа салық органының бастығы (орынбасары) және тиісті салық инспекторы қол қояды.

32. Салық органына өткізуге қабылданған мүліктерді қабылдауға, тасымалдауға, сақтауға және өткізуге байланысты шығындарды жабу үшін; сауда ұйымы мүлікті өткізуден түскен сомандан өз пайдасына шартта айтылған мөлшерде, бірақ сол соманың 15 процентінен аспайтындай сыйақы ұ с т а п қ а л а д ы ;

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің "Қазбайланысмарка" БСО маркалар құнының сомасын аударғанда өз пайдасына сол соманың 10 процентін (почта айналымындағы өшірілмеген кеңес маркаларының бағасын қоспағанда) ұстап қалады. Айналымдағы өшірілмеген почта маркаларын өткізгені үшін "Қазбайланысмарка" БСО өз пайдасына сол маркалар құнының 8 проценті мөлшерінде ұстап қалады;

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат Министрлігінің кітап саудасы ұйымдары кітап саудасынан түскен сомандан шарт бойынша, бірақ оның 25 процентінен кем емес мөлшерде өз пайдасына ұстап қалады.

33. Өткізуге қабылдаған мүліктер үшін сауда ұйымдары салық органдарымен шартта белгіленген мерзім ішінде, бірақ мүлік өткізілген күннен кейін 10 күн ішінде, салық органының нұсқауына сәйкес тиесілі соманы тиісті бюджет кірісіне аудару жолымен есеп айырысады.

Бұл қаржыны аудару бірнеше тізімдеу және бағалау актісі бойынша бір төлем мерзімімен жүргізілуі мүмкін. Мұндай жағдайларда төлем тапсырмасының сыртында әрбір тізімдеу және бағалау актісі бойынша аударылған соманың айқындамасы көрсетіледі. Ал төлем тапсырмасының өзінде осы сомаларды аударатын республика бюджетінің немесе бюджеттен тыс қордың тарауының аты және параграфы көрсетіледі.

Мүлік ақыға берілген ұйымдар (дайындау мекемелері, ұжымшарлар, мүлікті өңдеуге алған ұйымдар т.б.) қабылдаған мүлкі үшін оны қабылдап алған кездегі шарт бойынша есеп айырысады.

34. Өткізілген немесе қабылданған мүлік үшін бюджет кірісіне тиесілі соманы аудару мерзімін кешіктірген сауда немесе басқа ұйымдар төлем мерзімі белгіленгеннен бастап әрбір мерзімі өткен күн үшін төленбеген соманың 0,2 проценті мөлшерінде өсім төлейді.

35. Осы Нұсқауда қарастырылған тәртіпте салық органдары алған мүліктерді кәсіпорындарға, ұйымдарға немесе жеке тұлғаларға уақытша пайдалануға беруге т и ы м с а л ы н а д ы .



36. Есепке енген мүлікті салық, қаржы және кеден қызметкерлерінің сатып алуына қатаң тиым салынады.

37. Тәркіленген және иесіз мүліктерді, мұрагерлік құқы бойынша мемлекетке өткен мүліктерді, қазыналарды, кепілге беруші уақтылы талап етпеген мүліктерді өткізуден түскен қаржы мыналарға аударылады:

а) Республикалық бюджет есебіне:

- шетел валютасы, шетел валютасындағы төлем құжаттары құны мен қор құндылықтарының, сондай-ақ шетел валютасына алынатын теңгедегі банк төлем құжаттарының сомасы, Қазақстан Республикасы Мемзаемінің және бұрынғы КСРО республикалары облигациялары құнының сомасы және олардың ұтыстары ;

- белгіленген тәртіп бойынша мұрагерлік құқына орай мемлекетке өткен және салық органдарына берілген қазыналарды (кезкелген түрдегі және жағдайдағы қымбат металдарды табиғи және өңделген күйдегі қымбат тастарды және осы металдар мен тастардан жасалған бұйымдарды қоспағанда) өткізуден түскен қ а р ж ы ;

- ломбардқа кепіл берушінің уақтылы талап етпеген өнеркәсіп тауарларын сатудан түскен сома қалдығының 90 проценті;

б) жергілікті атқарушы органдардың бюджеттен тыс қорларына:

- тәркіленген, иесіз мүліктер құнының сомалары ("а" тармақшасында көрсетілген құндылықтардан басқа);

в) ұйымдасқан қылмыспен, жемқорлықпен және контрабандамен күреске жәрдемдесу жөніндегі облыстық арнаулы қордың есеп шотына;

- сот үкімі негізінде республика меншігіне айналдырылған мүліктерді өткізуден түскен қаржының 30 проценті;

"а" тармақшасында көрсетілген қаржы республикалық бюджетке кірістер мен шығыстарды саралаудың 12 тарауының 12 параграфына аударылады.

Шетел валютасындағы сомалар Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазақстан Республикасы Ұлттық банкіндегі N 070720 код 103 валюталық шотына аударылады.

38. Салық органдарының есебіне түскен тәркіленген, иесіз, мұрагерлік мүліктер мен қазыналарды сауда немесе басқа ұйымдарға бергенше сақтауға, жөндеуге, жөнелту мен тасымалдауға байланысты шығындар, сондай-ақ шақырылған маман-бағалаушылар мен сараптаушылардың қажет болған еңбегіне ақы төлеуге байланысты шығыстар республикалық бюджеттегі 222 тарау, 8 параграф 18 бет бойынша осы мақсатқа қарастырылған қаражат есебінен, ал айтылған тәртіпке сәйкес жергілікті атқарушы органдардың бюджеттен тыс қорларына жататындарға ауданның, қаланың, облыстың тиісті бюджеттен тыс қорының қаржысы есебінен өтеледі.

Мүлікті сақтау жөніндегі шығындар, егер ол сотталған адамның отбасы мүшесі болмаса, жеке адамға қайтарылуы мүмкін, бірақ мұндай жағдайда орнын толтыру сомасы аталған мүлікті өткізуден алынған түсім мөлшерінен аспауы керек.

Мүліктерді сақтауды жүзеге асырған ұйымдарға сақтау шығыны мүлікті сақтауға арнаулы үй бөлген жағдайда ғана қайтарылуы мүмкін. Өзге де құндылықтар сақталған үйде орналастырылған мүлікке ақы төленбейді.

Малды ұстағаны үшін шығындардың орны сол жерге белгіленген нормалар мен бағалар бойынша жем құны мөлшерінде толтырылады. Осы шығындардың орнын толтырғанда малды сақтауға алған ұйымдар мен жеке адамдардың сол малды пайдаланудан (сауылған сүт, қырқылған жүн т.б.) алған пайдасы ескерілуі қажет.

39. Салық органдары сот және кеден органдарына мүлікті тәркілеу туралы қаулылар (үкімдер, анықтаулар) бойынша олардың орындалғаны жөнінде хабарлайды: өткізілген мүлік бойынша өткізуден түскен сома, тегін берілген мүліктер бойынша - мүліктің қашан, кімге берілгені.

#### **IV. Мүлікті қайтару**

40. Мүлік немесе оның құны мынадай жағдайларда қайтарылады: тиісті органдардың мүлікті тәркілеу туралы үкімінің, ұйғарымының немесе қаулысының күшін жоюы;

сот органдарының мүліктің бір бөлігін тұтынудан босату (тізімдемеден алып тастау) туралы шешім шығаруы;

мүлікті иесіз деп тану туралы сот шешімінің күшінің жойылуы; сот органдарының мемлекеттің мұрагерлігі туралы куәлікті жарамсыз деп табуы немесе мүлікті мұрагерлік құқы бойынша мемлекетке беру туралы сот шешімінің күші жойылуы;

41. Мүліктің бір бөлігін тұтынудан босату (тізімдемеден алып тастау) туралы сот органдарына талап арыз түскен жағдайда салық органдары оған жауапкер ретінде қатысуға тартылады.

Салық органдарының басшылары аталған талап-арыздарды қарау жөніндегі сот мәжілісіне қатысуға шақыру алған жағдайда сот органындағы іс материалдарын алдын-ала зерттеу және сот мәжілістерінде мемлекет мүддесін қорғау үшін салық органының өкілдерін тағайындайды.

Мүлікті қайтару немесе оның құнын өтеу мүлікті қайтару туралы өтініш түскен күннен бастап он күн ішінде қаржы органы арқылы жүзеге асырылады. Өтінішке мүліктің мемлекет меншігіне түскені туралы құжаттың күшін жойған тиісті мемлекеттік орган шешімінің расталған көшірмесі (немесе соның

расталған үзіндісі) қоса тіркеледі.

Мүлікті қайтару немесе оның құнын өтеу оны қайтару туралы өтініш салық органына ынталы адамға әлгі мүліктің мемлекет меншігіне өтуі жөніндегі шешімнің күші жойылған туралы хабарланған күннен бастап алты айдан аспайтын мерзімде түссе ғана жүзеге асырылады.

42. Егер сауда және басқа ұйымдарға өткізуге немесе қайта өңдеуге берілген мүлік әлі өткізілмеген немесе қайта өңделмеген болса мүлік сол қалпында қ а й т а р ы л а д ы .

Егер мүлік өтіп кетсе немесе қайта өңделген болса оның иесіне республикалық бюджет (немесе бюджеттен тыс қор) қаржысынан өткізуге байланысты шығындарды ұстаусыз сатудан түскен мүлік құнының сомасы төленеді (осы Нұсқаудың 38 тармағы). Тәркіленген мүліктің бюджеттен қайтарылғандағы құны тиісті органдардың тәркілеудің күшін жою немесе мүліктің бір бөлігін тұтудан босату туралы үкімінің (ұйғарымның, қаулының) заңды күшіне енген күніндегі еркін баға бойынша, бірақ оны өткізген кезде бюджетке түскен сомадан артық емес мөлшерде анықталады.

Біржола тегін берген мүліктер бойынша оларды қайтару немесе құнын өтеу туралы талапты ынталы жақ сол мүлікті қабылдаған ұйымға қояды.

Тегін берілген мүліктер туралы туған дауды халық соттары шешеді.

43. Бағалы қағаздардың, мемлекеттік заемдардың құнын қайтару төмендегіше жү р г і з і л е д і :

- Қазақстан Республикасының қазынашылық бондары бойынша - өз құнында тиісінше - 250, 500 және 1000 теңге.

Облигацияларды беруді сол облигациялардың құнын қаржы органдары бюджеттен Халықтық банктің шотына аударғаннан кейін Халықтық банктің б ө л і м ш е л е р і жү р г і з е д і .

44. Бюджетке мұрагерлік және иесіз мүліктер құрамында, сондай-ақ тәркіленген мүліктер ретінде 1981 жылдың 1 маусымына дейін түскен салымдар сомалары іс жүзінде Халықтық банктерде сақталмағандықтан өткен уақыт үшін процент қосылмай, ал 1981 жылдың 1 маусымынан кейінгілері тиісті проценттер қ о с ы л ы п қ а й т а р ы л а д ы .

45. Салық органдарында сақталудағы ақшалай-заттай және басқа лотореялардың билеттері олардың ұтыстарын төлеу уақыты өтпесе иелеріне қайтарылады. Сондай-ақ тізімдеу және бағалау актісінде (осы Нұсқаудың 17 тармағының "з" тармақшасы, 5 абзац) көрсетілген ақшалай ұтыс сомалары мен заттай ұтыстардың құны да иелеріне қайтаруға жатады.

46. Шетел валютасындағы қаржыларды азаматтарға Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі сол қаржыны бюджетке аударған тиісті органдардың берген құжаты негізінде қайтарады.

Банк кірісіне теңгемен аударылған шетел валютасына алынатын теңгедегі банк төлем құжаттарының құнын сол сомалардың бюджет кірісіне алынғаны туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің куәлігі болған жағдайда қаржы о р г а н д а р ы қ а й т а р а д ы .

47. Егер өтіп немесе қайта өңделіп кетпесе қымбат металдардан жасалған қымбат жартылай қымбат тастары бар зергерлік және басқа тұрмыстық бұйымдарды Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің Сақтау қоры бастапқы қалпында қайтарады. Егер аталған бұйымдар сатылып, немесе қайта өңделіп кетсе иелеріне олардың құнын мемлекеттік сақтау қоры қайтарады.

Құйма, қорытпадағы, табиғи сом, сынық, жартылай фабрикат, өндірістік және лабораториялық бағыттағы қымбат металдар (алтын, күміс, платина және платина тобының металдары), өңделмеген күйдегі қымбат тастар, революцияға дейін және кеңес тұсында шыққан алтын және күміс теңгелер иелеріне қайтарылмайды. Оларға осы Нұсқаудың 17 тармағының "е" және "ж" тармақшаларында көрсетілген баға бойынша аталған құндылықтардың құны қ а й т а р ы л а д ы .

48. Мүлік құнының сомалары республикалық бюджет немесе мүлікті өткізуден алынған қаржы түскен бюджеттен тыс қор қаржысынан қайтарылады. Сонымен қатар әлгі сомалардың бюджетке түскенін Ұлттық банк мекемелері немесе тиісті ұйымдар растауы қажет (осы Нұсқаудың 19 тармағының "и" және "н " т а р м а қ т а р ы .

Егер Ұлттық банк мекемелерінде сақтау мерзімі асып кеткендіктен облигациялар құнының салым сомаларының, чектер мен аккредитивтердің бюджетке аударылғаны туралы құжаттар болмаса бұларды Орталық Ұлттық банк құжаттарымен растауға болады. Ондай құжаттарға беттік шоттар немесе салымдар облигацияларды сақтау бойынша кейінгі тексеру құжаттары, операциялық күнделіктер жатады. Аккредитивтер бойынша бюджетке аударымдар тиісті Халықтық банктегі құжаттармен расталуы мүмкін.

## **V. Мүліктердің материалдық және ақшалай есебін жүргізу**

49. Тәркіленген, мұрагерлік және иесіз мүліктердің, сондай-ақ қазыналар мен оларды өткізуден түскен ақшаның қозғалысына есеп жүргізу салық органдарына ж ү к т е л е д і .

50. Тізімдеу және бағалау актілерінің есебі үшін салық органдарында ұсынылып отырған формада (N 3 қосымша) тізімдеу және бағалау актілерін есепке алу кітабы жүргізіледі. Бұл кітапқа келіп түсуіне қарай тізімдеу және бағалау актілері тіркеледі. Кітаптағы рет нөмірлері мүліктерді тізімдеу және

бағалау актілерінің нөмірлеріне сәйкес келуі керек. Кітаптағы жазулар уақтылы, айқын және түзетусіз жойылуы тиіс. Әрбір түзету себебі жазылып, есепті жүргізуші қызметкердің қолымен расталады.

51. Мүлікті есепке қабылдау кезінде комиссия жасайтын тізімдеу және бағалау актісіне N 3 формалы кітап бойынша өзінің рет нөмірі беріледі.

Мүлікті қайта бағалау актісіне де бастапқы актінің нөмірі беріледі.

52. Әрбір тізімдеу және бағалау актісіне жеке іс ашылып, онда осы актіге қатысты бүкіл құжаттар сақталады: сот орындаушысынан немесе нотариалдық кеңседен алынған мүліктің тізімдемесі, мүлікті есепке алған кезде комиссия жасаған тізімдеу және бағалау актісі, мүлікті қайта бағалау актісі, мүлікті кері қайтару құжаттары, төлем есепшоттар және сол мүлік тізімдемесіне қатысты барлық қатынас қағаздары.

Әр іске тізімдеу және бағалау актісінің нөміріне сәйкес рет нөмірі қойылады.

53. Мүлікті тізімдеу және бағалау актісін есеп кітабына енгізген соң мүлік берілген ұйым атына есепшот ашылады (N 4 қосымша). Есепшоттың тақырыбында мүліктің кімге берілгені, сондай-ақ мүліктің берілген уақыты және ол үшін бюджетпен есеп айырысу мерзімі көрсетілуі қажет. Аталған есепшотқа да мүлікті тізімдеу және бағалау актісінің нөмірі беріледі.

Есепшотқа жазулар құжаттар (бағалау және қайта бағалау актілері, банк және басқаларының құжаттары) негізінде жазылады.

Әрбір есеп айырысу операциясын жазғаннан кейін есепшоттың II және 12 бағанда көрсетілген қалдықтар шығарылады. Төлем кешіктірілген жағдайда өсім қосылып, ол 14 бағанда көрсетіледі.

Мүлік қайта бағаланған кезде арзандату сомасы 7 бағанда, ал сауда ұйымның тиісті сыйақының кемітілуі 9 бағанда көрсетіледі.

Егер артық төлеп қойған жағдайда өтелмеген өсім болса артық төлемнің бір бөлігі өсімді өтеуге жіберіледі. Тиісті есепшот бойынша бұл операция былай жазылады: 3 бағанда "өсім артық төлем есебінен өтелді" деп жазылады, ал 10 бағанда алу белгісімен өсімді төлеуге есептелген сома көрсетіледі және 12 бағанда осы сомаға артық төлем азайтылады; 15 бағанда осы сома төленген ретінде көрсетіледі.

Есепшот жазылған соң 11,12 және 13 бағандарды қоспағанда барлық бағандар бойынша есептеулер жасалып, алу белгісі бар сомалар шығарып тасталады және түпкілікті қорытынды сома соңғы жазудың астына жазылады.

Шығарылған қорытынды сомалар теңестіріледі: 4, 6, 9 бағандар сомасы 7, 8, 10 бағандар сомасына тең болуы керек.

54. Мүлікті тізімдеу және бағалау бланкілері (N 1 қосымша), мүлікті қайта бағалау актілерінің бланкілері (N 2 қосымша), мүлікті тізімдеу және бағалау актілерін есепке алу кітабы (N 3 қосымша) қатаң есептегі құжаттар ретінде салық

органдарында даярланып, сақталуы тиіс. Акт бланкілері нөмірленіп, мүліктерді тізімдеу және бағалау актілерін есепке алу кітабы нөмірленуі, жіппен тігілуі және қалалық немесе аудандық салық инспекциясы бастығының қолымен және мөрімен куәландырылуы қажет.

## **VI. Салық инспекцияларының және қаржы органдарының лауазымды адамдарының әрекетіне шағымдану**

55. Салық инспекциясының лауазымды адамдарының әрекетіне шағым жасау Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің салық қызметі туралы" заңында белгіленген тәртіп бойынша жүргізіледі.

Шағымды қарау уақытында салық органы мүлікті өткізуді тоқтата тұрады және бұл жайлы сол мүлікті қабылдаған тиісті ұйымға хабарлайды.

Қайтаруға жататын өтіп кеткен мүліктің құнын өтеуге байланысты қаржы органдарының лауазымды адамдарының әрекетіне шағым жоғары тұрған қаржы органына беріледі. Шағымдар қолданыстағы заңдарда белгіленген мерзімде қаралып олар бойынша шешімдер қабылданады.

56. Осы нұсқаудың шығарылуына байланысты төмендегі нормативтік актілердің күші жойылады деп есептелсін:

Қазақ ССР Қаржы министрлігінің "иесіз мүліктерді анықтау және есепке алу туралы жазылған 1966 жылдың 26 мамырындағы N 2805 Нұсқауы;

Қазақ ССР Қаржы министрлігінің "қаржы органдарының мемлекеттің мүліктік мүддесін қорғауына байланысты мәселелер бойынша" 1980 жылғы N 48  
к о н с у л ь т а ц и я л ы қ х а т ы .

Қазақ ССР Қаржы министрлігінің "қаржы органдарының бюджетке тәркіленген иесіз мүліктерді және мұрагерлік құқы бойынша мемлекетке өткен мүліктерді депозиттік сомаларды өткізуден бюджетке түсетін кірістерге бақылауы жөніндегі жекелеген мәселелер туралы" 1984 жылғы 29 наурыздағы N 26-6-14  
к о н с у л ь т а ц и я л ы қ х а т ы ;

КСРО Сыртқы сауда министрлігі мен КСРО Қаржы министрлігінің "кеден мекемелеріне түсетін мүліктерді есепке алу және өткізу тәртібі туралы" 1967 жылдың 26 қыркүйегіндегі N 1644 бірлескен хаты.

КСРО Қаржы министрлігінің "тәркіленген иесіз және мұрагерлік құндылықтарды өткізу тәртібі туралы" 1979 жылдың 14 тамызындағы N 120 хаты

КСРО Қаржы министрлігінің "қаржы органдарының бюджетке өзге мемлекеттік кірістердің уақтылы түсуіне бақылауын күшейту туралы" 1980 жылғы 2 желтоқсандағы N 200 хатына әдістемелік құралдың бірінші тарауы.

КСРО Қаржы министрлігінің "тәркіленген иесіз және мұрагерлік құқы бойынша мемлекетке өткен мүліктерді және қазыналарды есепке алу, бағалау және өткізу тәртібі туралы" 1984 жылғы 19 желтоқсандағы N 185 Нұсқауы;

КСРО Қаржы министрлігінің 1984 жылдың 19 желтоқсанындағы N 185; 13.05.85 ж. N 67; 26.09.67 ж. N 306; 22.08.86 ж. N 28-205; 9.08.90 ж. N 102; 31.05.91 ж. N 36 Нұсқауларына өзгертулер мен толықтырулар.

КСРО Қаржы министрлігінің "КСРО Қаржы министрлігінің Нұсқауларына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" 10.09.86 ж. N 156 хатының екінші бөлімінің екінші тармағы;

КСРО Қаржы министрлігінің "КСРО Қаржы министрлігінің құзырына енетін жекелеген мәселелерді шешуді қаржы органдарына беру туралы" 8.06.89 ж. N 73 хатының екінші тармағының екінші абзацы.

Қосымшалар 7 бет: 1. Мүліктерді тізімдеу мен бағалау актісінің формасы.

2. Мүліктерді қайта бағалау актісінің формасы.

3. Мүліктерді тізімдеу және бағалау актілерін есепке алу кітабының формасы.

4. Есепшот формасы.

5. Мүлікті өткізу туралы типтік шарт.

6. Почта маркалары тізімдемесінің формасы.

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі

Қазақстан

Республикасы

Қаржы

министрлігінің

Нұсқауына

N 1 қосымша

**Тізімдеу және бағалау акт**

N \_\_\_\_\_

19\_\_\_\_ ж. Мына құрамдағы өкілдер комиссиясы

\_\_\_\_\_  
(салық органының аты, лауазымы және аты-жөні)  
өкілі \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
(мүлікті қабылдаған ұйымның аты)

\_\_\_\_\_  
(өкілдің лауазымы мен аты-жөні)  
өкілі \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
(мүлікті сақтайтын ұйымның немесе адамның аты-жөні)

\_\_\_\_\_ сарапшы (егер шақырылған болса)

\_\_\_\_\_ (мекеменің аты, лауазымы, аты-жөні)

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің тәркіленген, иесіз мүліктерді, мұрагерлік құқы бойынша мемлекетке өткен мүліктерді және олжаларды есепке алу, бағалау және өткізу тәртібі туралы 1992 жылдың 13 наурызындағы қаулысымен бекітілген ережесі  
н е г і з і н д е

\_\_\_\_\_ иелігіндегі

\_\_\_\_\_ (мүліктің бұрынғы иесі)

\_\_\_\_\_ (сот органының аты)

19\_\_\_\_\_ ж. үкімі бойынша тәркіленген немесе нотариалдық кеңсенің \_\_\_\_\_ куәлігі бойынша мұрагерлік құқына сәйкес мемлекет меншігіне өткен немесе иесіз деп танылған құны мемлекет кірісіне түсетін төмендегі мүліктерді тізімдеу және бағалау жұмыстарын жүргізді

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

1 . N

2. Мүліктің аты (әрбір заттың жан-жақты сипаттамасымен)

3 . С а н ы

4 . Бағасы теңге

5 . Тозу проценті

6. Тозуды ескергендегі бірлік құны

7. Тозуды ескергенде барлығының құн сомасы

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

1.2. Аяғы тік дөңгелек стол бетінің диаметрі 1100 мм, жайылған кездегі ұзындығы 2000 мм. Лактелген, топсалы екі қосымша  
т а қ т а й ы б а р .

Столдың бетімен аяқтары сызылған

1 . 3 . 1

1 . 4 . 3 0 0 0

1 . 5 . 1 0

1 . 6 . 2 7 0 0



1 . 7 . 2 7 0 0

2.2. Еменнен жасалған қатқыл орындықтар арқалығында үш тік және екі көлденең белдіктері бар орындықтардың бетінде сызықтар бар

2 . 3 . 3  
2 . 4 . 1 0 0 0  
2 . 5 . 1 0  
2 . 6 . 9 0 0  
2 . 7 . 2 7 0 0

3.2. Аяғы бар киім шкафы кір салатын бөлімінде бес суырмасы, көйлек ілетін және галстуктер ілетін белдіктер бар. Беті еменмен қапталған баскиім қоятын сөресі бар екі жоғарғы қорабы көлемі 1300 X 500 мм айнасы бар. Бір аяғы сынған

3 . 3 . 1  
3 . 4 . 1 5 0 0  
3 . 5 . 3 0  
3 . 6 . 1 0 5 0 0  
3 . 7 . 1 0 5 0 0

4.2. Қара түсті, қос шалғайлы жапсырма қалталы драптан тігілген ерлердің маусымдық пальтосы. Астары сұр түсті сатин. Пальтонның өңі түскен пайдалануда болған

4 . 3 . 1  
4 . 4 . 2 0 0 0  
4 . 5 . 2 0  
4 . 6 . 1 6 0 0

4.7. 1600

5.2. Көк түсті "бостон" жүн матасынан ені 142 см кездеме

5 . 3 . 3 м  
5 . 4 . 1 3 7 1  
5 . 5 . -  
5 . 6 . 1 3 7 1  
5 . 7 . 4 1 1 2

---

Барлығы 21612

Барлығы (жазумен) жиырма бір мың алты жүз он екі теңге

Сауда ұйымына сыйақының сомасы

Барлығы бюджетке аударылатыны

Осы акт \_\_\_\_\_ дана жасалды

Комиссия мүшелері

(қолдары)

Жоғарыдағы ережеде көрсетілген 9 баптағы шағымдану тәртібі  
ж а р и я л а н д ы .

Уақыты \_\_\_\_\_ 19\_\_ ж. Қолы \_\_\_\_\_

Осы тізімдеу және бағалау актісінде көрсетілген мүлікті  
жауапты сақтауға алдым. Сақтауға алған мүліктің жоғалған немесе  
бүлінгені үшін жауапкершілік ескертілді. \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
( қ о л ы )

(мүлікті жауапты сақтауға қабылдаған адамның толық аты-жөні,  
жұмыс істейтін мекемесі мен қызметі, паспорт нөмірі,  
паспорттың берілген уақыты, паспортты кім берген, тұрғылықты  
м е к е н - ж а й ы )

Осы акт бойынша \_\_\_\_\_  
рет нөмірлерімен тіркелген мүліктерді өткізуге немесе пайдалануға  
а л д ы м . 19 \_\_\_\_\_ ж .

\_\_\_\_\_  
(қызметі, аты-жөні мүлікті қабылдап алуға тиісті ұйым  
жіберген өкіл)

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Қ а р ж ы

м и н и с т р л і г і н і ң

Н ұ с қ а у ы н а

N \_\_\_\_\_ 2

қ о с ы м ш а

" \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 19\_\_ ж.

**Қайта бағалау акті**

N \_\_\_\_\_

19\_\_ ж. құрамында: \_\_\_\_\_ өкілі  
( а т ы )

\_\_\_\_\_ салық бөлімі \_\_\_\_\_  
(қызметі, аты-жөні)

\_\_\_\_\_  
(сауда ұйымының аты, қызметі аты-жөні)  
және сарапшы \_\_\_\_\_  
(мекеменің аты, қызметі, аты-жөні)

бар комиссия тізімдеу және бағалау актісі бойынша  
 қабылданған төмендегі мүліктерді қайта бағалауды жүргізді  
 " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 19 \_\_\_\_ ж. N \_\_\_\_\_

1	2	3	4	5
	Мүліктердің аты	Саны нем. есе сал. мағы	Мүліктің тіз. імдеу-бағалау актісі бойын. ша құны	Мүліктердің қайта баға. лаудан кей. інгі құны

1. Көк түсті "Бостон" жүн матасынан ені 142 см кездеме.  
 Алғашқы бағалауда құны тозуы ескерілмей анықталады. Мұқият  
 қараған кезде кездеменің екі жақ шетінде дақ бар екені  
 анықталды

Осыған байланысты тозуы 10 %  
 деп анықталды 3 м 4112 3702  
 Комиссия мүшелері (қолы)  
 Қазақстан Республикасы  
 Қаржы министрлігінің  
 Нұсқауына  
 N 3 қосымша  
 " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 199 \_\_\_\_ ж.

**\_\_\_\_\_ есепке қабылдаған мүліктерді  
 тізімдеу және бағалау актілерінің  
 Есебін жүргізу кітабы**

салық бөлімі 199 \_\_\_\_\_ ж.

1	!	2	!	3	!	4	!	5	!	6	!	7	!	8
---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---

- 1 . N р / с  
 2 . Ж а з у у а қ ы т ы  
 3. Мүліктің бұрынғы иелерінің аты  
 4. Мүліктерді тізімдеу және бағалау актінің нөмірі мен уақыты  
 5. Тізімдеу және бағалау актісіне сәйкес мүліктің құны  
 6. Тізімдеу және бағалау акті қашан, кімге және не үшін  
 ж і б е р і л д і

7. Мүліктің құнын төлеу мерзімі  
8. Мүлік үшін түпкілікті есеп айырысу уақыты

1.2. 21.01.92 ж.  
1.3. И.И. Ивановқа қарасты мұрагерлік мүлік  
1.4. N 1 20.01.92 ж.  
1.5. 21612  
1.6. 20.01.92 ж. Қала сауданың N 5 магазиніне  
1.7. 20.09.92 ж.  
1.8. 25.02.92 ж.

(4-қосымшаның мемлекеттік тілде аудармасы жоқ, орысша мәтінді қараңыз)

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Қ а р ж ы

м и н и с т р л і г і н і ң

Н ұ с қ а у ы н

N 5

қ о с ы м ш а

"\_\_" \_\_\_\_ 19\_\_\_\_ ж.

**Мүлікті өткізу туралы типтік шарт**

**Шарт N \_\_\_\_\_**

\_\_\_\_\_ 19 \_\_\_\_ ж. \_\_\_\_\_  
(салық инспекциясының аты)

бастығы (немесе орынбасары) \_\_\_\_\_

( а т ы - ж ө н і )

бұдан әрі "салық инспекциясы" деп аталатын бір жағынан және

\_\_\_\_\_ ( са у д а ұ й ы м ы н ы ң а т ы )

директоры (немесе орынбасары) \_\_\_\_\_

( а т ы - ж ө н і )

бұдан әрі "сауда ұйымы деп аталатын екінші жағынан төмендегі мәселелер бойынша осы шартты жасады.

1. Салық инспекциясы өзінде есепте тұратын мүлікті беріп, сауда ұйымы оны өткізуге қабылдайды.

2. Ескерту сауда жүйесі арқылы өткізуге жатпайтын мүлік бұл шарттың объектісі болып табылмайды.

3. Мүлікті қабылдауды сауда ұйымы оның тұрған жерінде тізімдеу және бағалау актісі бойынша жеке-жеке жүргізеді. Мүлікті

сауда ұйымының өкілі қабылдап алған сәттен бастап оның бүтіндігі мен сақталуына сауда ұйымы жауап береді.

4. Жекелеген заттарды бағалау кезінде салық инспекциясының және сауда ұйымының өкілдері арасында келіспестік туса бұл заттарды арнайы шақыртылған сарапшы маман бағалайды. Сарап шығынын қаржы органы төлейді.

Сарап келіспестік тудырған алғашқы бағалаудан кейін он күн ішінде жүргізілуі керек.

5. Сауда ұйымына берілетін барлық заттар салық инспекциясының және сауда ұйымының тауар жапсырмаларымен жабдықталып, онда тізімдеу және бағалау актінің рет нөмірі көрсетілуге тиіс.

6. Сауда ұйымының келісілген сый ақысының мөлшері өткізілген мүлік сомасының \_\_\_\_\_ проценті.

Қазақстан

Республикасы

Қаржы

министрлігінің

Нұсқауына

N

б

қосымша

" " 19 ж. N

(салық органының аты)

(маркалар бағалауға және өткізуге жіберілген ұйымның аты)  
жіберілген почта маркаларының

Тізімдемесі

Почта маркалары

!

Саны

!

!өшірілген!өшірілмеген

1. Қазақстан Республикасы дана дана

2. Почта айналымындағылар

(1961 жылдан шыққан) барлығы

(бұрынғы КСРО)

дана

дана

оның ішінде:

құны бюджеттен тыс қорларға

жататын маркалар

дана

сомаға

3. Почта айналымында жоқтар

(1961 жылға дейін) барлығы

дана

дана

оның ішінде:

құны бюджеттен тыс қорларға  
аударуға жататын маркалар дана дана  
4 . Б а р л ы ғ ы  
о н ы ң і ш і н д е :  
құны бюджеттен тыс қорларға  
аударуға жататын маркалар дана дана  
Салық органының бастығы (қолы)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК